2023-2024 оқу жылы ұзақтығына және оқу жылындағы каникул уақытының ұзақтығын мектептегі жүргізілген электронды «Bilim Class» күнделік журналын тексеру арқылы зерделенді. Оқу жылы сыныптар бойынша білім беру жүзеге асырылып өткізілген пәндер сынып журналдарында көрсетілген.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2023 жылғы 29 тамыздағы /01-2-15/5174-И хатына сәйкес 2023– 2024 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және оқу жылы ішіндегі каникул кезеңдері төмендегідей белгіленген:

1-11 (12) – сыныптарда: күзгі каникул – 7 күн (2023 жылғы 30 қазан – 5 қараша аралығында), қысқы каникул – 9 күн (2023 жылғы 29 желтоқсан мен 2023 жылғы 7 қаңтар аралығында), көктемгі каникул – 11 күн (2024 жылғы 21-31 наурыз аралығында); 1-сыныптарда қосымша каникул – 7 күн (2024 жылғы 5-11 ақпан аралығында)

2023-2024 оқу жылы бойынша электронды журналда мереке күндеріне сәйкес келген сабақтар басқа күндерге ауыстырылған және сабақтардың тақырыптары/оқу мақсаттары оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес кіріктіріліп өткізілген.

2024-2025 оқу жылы

Қазақстан Республикасының Оқу ағарту министрінің 2024 жылғы 10 шілдегі №174 бұйрығына сәйкес 2024–2025 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және оқу жылы ішіндегі каникул кезеңдері төмендегідей белгіленген:

1-11 (12) – сыныптарда: күзгі каникул – 7 күн (2024 жылғы 28 қазан – 3 қараша аралығында), қысқы каникул – 10 күн (2024 жылғы 30 желтоқсан мен 2025 жылғы 8 қаңтар аралығында), көктемгі каникул – 11 күн (2025 жылғы 21-31 наурыз аралығында);

1-сыныптарда қосымша каникул – 7 күн (2025 жылғы 10-16 ақпан аралығында)

2024-2025 оқу жылы ұзақтығына және оқу жылындағы каникул уақытының ұзақтығын мектептегі жүргізілген электронды «Bilim Class» күнделік журналдарында көрсетілген.

Білім алушылардың білімін бағалау

Білім алушылардың дайындық деңгейіне өлшемшарттар:

-Ж П үлгілік оқу бағдарламаларына және бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптарына сәйкес тиісті білім берудің әрбір білім беру саласы (және оқу пәндері) бойынша білім алушылардың даярлық деңгейі (оқытудың күтілетін нәтижелері);

Зерделеу нәтижесі бойынша:

2022-2023 оқу жылында 9 сыныптарда 5 оқушы, 11 сыныпта 4 оқушының қорытынды аттестаттауға жіберілген. Жыл қорытындысы бойынша негізгі орта білім туралы үздік аттестатқа ұсынылған оқушы жоқ. Жалпы орта білім туралы «Алтын белгі» иегерлері оқушы болған жоқ. Барлық емтихандар мектеп директорының бұйрығымен бекітілген кесте бойынша өтілген. 9 –сыныптар 4 пәннен, 11 сыныптар 5 пәннен емтихан тапсырған.

2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығымен бекітілген (ҚР Оқу-ағарту министрінің 13.04.2023 № 96) «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгерімін ағымдық бақылаудың, оларды аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгі қағидалары» ның 3-тарауы Білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу тәртібі бойынша жүргізілген

Ақтөбе облысының білім басқармасы негізгі орта және жалпы орта білім беру бағдарламалары бойынша қорытынды аттестаттауды **2022-2023** оқу жылында ұйымдастыру және өткізу жөніндегі нұсқаулыққа сәйес электронды түрде («бұлтқа» орналастырылған) бұғатталған емтихан материалдарын емтихан болатын күні берген. Оқушылар үлкен бөлмеде бір партаға бір оқушыдан отырғызылған. Облыстық білім

басқармасынан жіберліген комиссия мүшесі қатысқан. Барлық талаптар сақталған. Емтиханға жауапты пән мұғалімдері емтихан бағаларын хаттамаға түсіріп, қорытынды бағаларын шығарған. Электрондық журналға түсірілген. Емтихан нәтижелеріне қарай пәндер бойынша төмендегідей сапа көрсеткіш көрсеткен

2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығымен бекітілген (ҚР Оқу-ағарту министрінің 13.04.2023 № 96) «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылаудың, оларды аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгі қағидалары» ның 3-тарауы Білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу тәртібі төменде хаттамасы көрсетілген.

2022-2023 оқу жылындағы мемлекеттік емтихан қорытындысы:

р/с	Класс	Күні	Пәні	Түрі	Оқушы саны	«5»	«4»	«3»	«2»	Сапа	Мұғалімі
1	9	02.06.2023	Қазақ тілі	жазбаша	5	2	1	2	-	60 %	Кулбаева А.И

2	9	06.06.2023	Алгебра	жазбаша	5	0	3	2		60%	Көшімова Г
3	9	9.06.2023	Орыс	жазбаша	5	1	2	2		60%	Дамирова Б.Д
4	9	13.06.2023	Биология	жазбаша	5	2	1	2		60,2%	Боранбаев Е
5	11 кл	5.06.2023	Қазақ тілі	жазбаша	4	3	1	0		100%	Самарбаева Б.М
6	11 кл	8.06.2023	Алгебра	жазбаша	4	0	4	9		100%	Көшімова Г
7	11 кл	13.06.2023	Қазақстан тарихы	ауызша	4	2	2	0		100 %	Садуова Ө.Т
8	11 кл	15.06.2023	Орыс	жазбаша	4	2	2	0		100%	Дамирова Б.Д
9	11 кл	19.06.2023	Биология	Жазбаша	1	1				100%	Боранбаев Е
	11 кл	19.06.2023	Дүние тарих	жазбаша	1		1			100%	Садуова Ө.Т
	11 кл	19.06.2023	Қазақ тілімен әдебиеті	жазбаша	1	1				100%	Самарбаева Б.М
	11 кл	19.06.2023	Физика	жазбаша	1		1			100%	Жайшылық Г

2023-2024 оқу жылында 9 сыныптарда 5 оқушы, 11 сыныпта 2 оқушының қорытынды аттестаттауға жіберілген. Жыл қорытындысы бойынша негізгі орта білім туралы үздік аттестатқа 1 оқушы және жалпы орта білім туралы «Алтын белгі» иегерлері 1 оқушы болған.

2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығымен бекітілген (ҚР Оқу-ағарту министрінің 13.04.2023 № 96) «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылаудың, оларды аралық және қорытынды аттестаттау төменде өрсетілген.

р/с	Класс	Күні	Пәні	Түрі	Оқушы саны	«5»	«4»	«3»	«2»	Сапa	Мұғалімі
1	9	19.05.2024	Қазақ тілі мен әдебиеті	жазбаша	5	2	1	2		60 %	Самарбаева Б.М
2	9	03.06.2024	Алгебра	жазбаша	5	1	3	1		80 %	Көшімова Г
3	9	06.06.2024	Орыс тілі мен әдебиеті	жазбаша	5	2	2	1		80 %	Дамирова Б
4	9	10.06.2024	Қазақстан тарихы	жазбаша	5	1	3	1		80 %	Садуова Ө.Т
1	11	28.05.2024	Қазақ тілі мен әдебиеті	жазбаша	2	1	1			100 %	Кулбаева А
2	11	31.05.2024	Алгебра	ауызша	2	1		1		50 %	Көшімова Г
3	11	04.06.2024	Қазақстан тарихы	жазбаша	2	1	1			100 %	Садуова Ө
4	11	07.06.2024	Орыс тілі мен әдебиеті	жазбаша	2	1	0	1		50 %	Дамирова Б.Д
5	11	11.06.2024	Биология Дүние тарих	жазбаша	1 1	1	1			100 % 100	Сыраж Ж Садуова Ө

Барлық емтихандар мектеп директорының бұйрығымен бекітілген кесте бойынша өтілген. 9 сыныптар 4 пәннен, 11 сыныптар 5 пәннен емтихан тапсырған. 9сыннып оқушысы Ізтұрғанова Ақнұр Бақсыйыққызы негізгі орта білім туралы **үздік иегері** болған. Ақтөбе облысының білім басқармасы негізгі орта және жалпы орта білім беру бағдарламалары бойынша қорытынды аттестаттауды 2023-2024 оқу жылында ұйымдастыру және өткізу жөніндегі нұсқаулыққа сәйес электронды түрде («бұлтқа» орналастырылған) бұғатталған емтихан материалдарын емтихан болатын күні берген. Оқушылар үлкен бөлмеде бір партаға бір оқушыдан отырғызылған. Облыстық білім басқармасынан жіберліген комиссия мүшесі қатысқан. Барлық талаптар сақталған. Емтиханға жауапты пән мұғалімдері емтихан бағаларын хаттамаға түсіріп, қорытынды бағаларын шығарған. Электрондық журналға түсірілген. «Алтын белгі» иегерлерінің жұмыстары облыста тексерілген. Хаттамалары берілген. «Алтын белгі» иегерлерінің **2023-2024 оқу жылында** 11 сынып оқушысы Аманкелдин Шадияр Ерболатұлы барлық емтихан пәндерінен «5» бағасын алып, белгілерін растаған. Емтихан нәтижелеріне қарай пәндер бойынша төмендегідей сапа көрсеткіш көрсеткен

р/с	Класс	Күні	Пәні	Түрі	Оқушы саны	«5»	«4»	«3»	«2»	Сапа	Мұғалімі
1	9	19.05.2024	Қазақ тілі мен әдебиеті	жазбаша	5	2	1	2		60 %	Самарбаева Б.М
2	9	03.06.2024	Алгебра	жазбаша	5	1	3	1		80 %	Көшімова Г
3	9	06.06.2024	Орыс тілі мен әдебиеті	жазбаша	5	2	2	1		80 %	Дамирова Б
4	9	10.06.2024	Қазақстан тарихы	жазбаша	5	1	3	1		80 %	Садуова Ө.Т
1	11	28.05.2024	Қазақ тілі мен әдебиеті	жазбаша	2	1	1			100 %	Кулбаева А
2	11	31.05.2024	Алгебра	ауызша	2	1		1		50 %	Көшімова Г
3	11	04.06.2024	Қазақстан тарихы	жазбаша	2	1	1			100 %	Садуова Ө

4	11	07.06.2024	Орыс тілі мен әдебиеті	жазбаша	2	1	0	1		50 %	Дамирова Б.Д
5	11	11.06.2024	Биология Дүние тарих	жазбаша	1 1	1	1			100 % 100	Сыраж Ж Садуова Ө

Барлық емтихандар мектеп директорының бұйрығымен бекітілген кесте бойынша өтілген.

9 сыныптар 4 пәннен, 11 сыныптар 5 пәннен емтихан тапсырған. 9 сын ып оқушылары Жомартқызы Назерке мен Аманкелді Аяулым негізгі орта білім туралы **үздік иегері** болған. Ақтөбе облысының білім басқармасы негізгі орта және жалпы орта білім беру бағдарламалары бойынша қорытынды аттестаттауды 2024-2025 оқу жылында ұйымдастыру және өткізу жөніндегі нұсқаулыққа сәйес электронды түрде бұғатталған емтихан материалдарын емтихан болатын күні берген. Оқушылар үлкен бөлмеде бір партаға бір оқушыдан отырғызылған.

Емтихан нәтижелеріне қарай пәндер бойынша төмендегідей сапа көрсеткіш көрсеткен

2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығымен бекітілген (ҚР Оқу-ағарту министрінің 13.04.2023 № 96) «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылаудың, оларды аралық және қорытынды аттестаттау

р/с	Класс	Күні	Пәні	Түрі	Оқушы саны	«5»	«4»	«3»	«2»	Сапа	Мұғалімі
1	9	29.05.2025	Алгебра	жазбаша	5	2	1	2		60%	Бақтығали И
2	9	02.06.2025	Қазақ тілі	жазбаша	5	2	2	1		80%	Самарбаева Б
3	9	05.06.2025	Қазақстан тарихы	жазбаша	5	2	1	2		60%	Садуова Ө
4	9	10.06.2025	Орыс тілі мен әдебиеті	жазбаша	5	2	2	1		80%	Дамирова Б
5	11	30.05.2025	Қазақстан тарихы	жазбаша	2		2			100 %	Садуова Ө.Т
6	11	04.06.2025	Алгебра	жазбаша	2		1	1		50%	Бақтығали и

7	11	09.06.2025	Қазақ тілі мен әдебиеті	жазбаша	2		2			100 %	Самарбаева Б
8	11	12.06.2025	Биология	жазбаша	2		2			100 %	Сыраж Ж
	11	16.06.2025	Орыс тілі мен әдебиеті	жазбаша	2	1	1			100 %	Дамирова Б.Д

2022-2023 оқу жылындағы білім сапасының жылдық қорытындысы
Баршақұм орта мектебі

Мерзімі: маусым, 2022 ж.

Мақсаты: жылдық білім сапасы мен үлгерімін анықтау. Өткен жылмен салыстыра отырып мектеп бойынша білім сапасының деңгейін білу.

Дайындаған: Шакен Г. С - директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары.

2022-2023 оқу жылын 56 оқушымен аяқтасақ, 2023--2024 оқу жылын 52 оқушымен аяқтадық. Биылғы 2024-2025 оқу жылын 54 оқушымен аяқтадық .

Мектептің жалпы үлгерімі- 100 %. Білім сапасы мектеп бойынша 2022-2023 оқу жылында 74 %-ды құраса, 2023-2024 оқу жылында 78 %-ды құрап, білім сапасы 4 %-ға өсті. 2024-2025 жылында 74,4% білім сапасы төмендеді. Бұған себеп оқушылардың басқа мектептерге қоныс аударуының әсер етуі.

Жеке-жеке кластарды алсақ. 2022-2023 оқу жылында 74 %-ды құраса

1 кластарда барлығы- 5 оқушы, бағаланбайды.

2 класс- 5 оқушы, оның ішінде үздік- 4, екпінді- 1, орташа- 0, сапа- 100%, кл жетекшісі- Сәби А

3 класс- 8 оқушы, оның ішінде үздік- 2 екпінді-4, орташа-2, сапа- 75%, кл жетекшісі-ИдрисоваБ

4 класс 5 оқушы, оның ішінде үздік- 4 екпінді-1, орташа-0, сапа- 100%, кл жетекшісі-Мейрман

5 класс 4 оқушы, оның ішінде үздік- 1 екпінді-1, орташа-2, сапа- 50%, кл жетекшісі-Өтегеноа А

6 класс 5 оқушы, оның ішінде үздік- 2 екпінді-2, орташа-1, сапа- 80%, кл жетекшісі-Көшімова Г

7 класс 6 оқушы, оның ішінде үздік- 3 екпінді-0, орташа-3, сапа- 50%, кл жетекшісі-Кулбаева А

8 класс 6 оқушы, оның ішінде үздік- 2 екпінді-1, орташа-3, сапа- 50%, кл жетекшісі-Даулыбай Ә

9 класс 5оқушы, оның ішінде үздік- 0 екпінді-3, орташа-2, сапа- 60%, кл жетекшісі-Боранбаев А

10 класс 3оқушы, оның ішінде үздік- 2 екпінді-0, орташа-1, сапа- 67%, кл жетекшісі-ДамироваБ

11 класс 4оқушы, оның ішінде үздік- 0 екпінді-3, орташа-1, сапа- 75%, кл жетекшісі-Жайшылық

Білім алушылардың 2022-2023 о.ж білім сапасы мен оқу үлгерімі туралы мәлімет

Оқу жылы	I тоқсан		II тоқсан		III тоқсан		IV тоқсан		Жылдық	
	сапа	Үлгерімі	сапа	Үлгерімі	сапа	Үлгерімі	сапа	Үлгерімі	сапа	Үлгерімі
2022 - 2023 о.ж.	67,3 %	100%	68,6%	100 %	73%	100%	74%	100%	74%	100%

2023-2024 оқу жылы2023-2024 оқу жылында 78 %-

1 кластарда барлығы- 7 оқушы, бағаланбайды. Мейрман Тәттігүл Машырыққызы
2 класс- 6 оқушы, оның ішінде үздік- 3 екпінді- 3, орташа- 0, сапа- 100%, кл жетекшісі-Сұлтанова Н
3 класс- 4 оқушы, оның ішінде үздік- 3 екпінді-1, орташа-0, сапа- 75%, кл жетекшісі-Сәби А
4 класс 7 оқушы, оның ішінде үздік- 1 екпінді-4, орташа-0, сапа- 71%, кл жетекшісі-Есенғосова
5 класс 5 оқушы, оның ішінде үздік- 3 екпінді-1, орташа-1, сапа- 80%, кл жетекшісі-Самарбаева
6 класс 4 оқушы, оның ішінде үздік- 2 екпінді-0, орташа-1, сапа- 50%, кл жетекшісі-Орынбаева
7 класс 5 оқушы, оның ішінде үздік- 2 екпінді-3, орташа-0, сапа- 100%, кл жетекшісі-Көшімова
8 класс 4 оқушы, оның ішінде үздік- 2 екпінді-1, орташа-3, сапа- 50%, кл жетекшісі-Кулбаева А
9 класс 5оқушы, оның ішінде үздік-0 екпінді-2, орташа-0, сапа- 66%, кл жетекшісі-Сыраж
10 класс 3 оқушы, оның ішінде үздік- 2 екпінді-0, орташа-1, сапа- 67%, кл жетекшісі-Садуова
11 класс 2оқушы, оның ішінде үздік- 1 екпінді-0, орташа-1, сапа- 50%, кл жетекшісі-Дамирова

Білім алушылардың 2023-2024 о.ж білім сапасы мен оқу үлгерімі туралы мәлімет

Оқу жылы	I тоқсан		II тоқсан		III тоқсан		IV тоқсан		Жылдық	
	Білім сапасы	Үлгерімі	Білім сапасы	Үлгерімі	Білім сапасы	Үлгерімі	Білім сапасы	Үлгерімі	Білім сапасы	Үлгерімі
2023-2024 о.ж.	71%	100%	73%	100%	72%	100%	68%	100%	78%	100%

2024-2025 оқу жылы 2024-2025 жылында 74,4% білім сапасы төмендеді..

1 кластарда барлығы- 7 оқушы, бағаланбайды. ЕсенғосоваГүлмираЕсетқызы
2 класс- 6 оқушы, оның ішінде үздік- 2 екпінді- 4, орташа- 0, сапа- 100%, кл жетекшісі-Мейрман
3 класс- 5 оқушы, оның ішінде үздік- 3 екпінді-2, орташа-0, сапа- 100%, кл жетекшісі-Сұлтанова
4 класс 4 оқушы, оның ішінде үздік- 3 екпінді-1, орташа-0, сапа- 100%, кл жетекшісі-Сәби
5 класс 7 оқушы, оның ішінде үздік- 2 екпінді-3, орташа-2, сапа- 71%, кл жетекшісі- Дамирова
6 класс 5 оқушы, оның ішінде үздік- 2 екпінді-2, орташа-1, сапа- 80%, кл жетекшісі-Жайшылық
7 класс 3 оқушы, оның ішінде үздік- 0 екпінді-2, орташа-1, сапа- 66%, кл жетекшісі-Орынбаева
8 класс 5 оқушы, оның ішінде үздік- 2 екпінді-1, орташа-2, сапа- 60%, кл жетекшісі-Көшімова
9 класс 5оқушы, оның ішінде үздік-2 екпінді-1, орташа-2, сапа- 60%, кл жетекшісі-Кулбаева
10 класс 5 оқушы, оның ішінде үздік- 1 екпінді-1, орташа-3, сапа- 40%, кл жетекшісі-Сыраж Ж
11 класс 2оқушы, оның ішінде үздік- 0 екпінді-1, орташа-1, сапа- 50%, кл жетекшісі-Садуова

Білім алушылардың 2024-2025 о.ж білім сапасы мен оқу үлгерімі туралы мәлімет

Оқу жылы	I тоқсан		II тоқсан		III тоқсан		IV тоқсан		Жылдық	
	Білім сапасы	Үлгерімі	Білім сапасы	Үлгерімі	Білім сапасы	Үлгерімі	Білім сапасы	Үлгерімі	Білім сапасы	Үлгерімі
2024 - 2025 о.ж.	71,6%	100%	77%	100%	74,4%	100%	74,4%	100%	74,4%	100%

ҰБТ мәліметі

Білім беру ұйымында білім алушылар арасында қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру мен өткізу кестеге сәйкес мектеп директорының бұйрығымен бекітіліп өткізілген.

ҰБТ-ға оқушыларды дайындау туралы бұйрықтар шығарылған, іс-шара жоспары жасалған, мектеп директоры тарапынан бекітілген. 11-сынып оқушыларынан айына 2 реттен, сынама тесттері алынып отырған, қорытындысы педагогикалық кеңесте, директор жанындағы кеңесте және өндірістік жиналыста, әдістемелік кеңесте қаралып, талқыланған.

2022-2023 оқу жылы бойынша 11 сынып бітіруші түлектер саны- 4, ҰБТ-ға қатысқаны – 3. «Алтын белгі» - жоқ, Үздік аттестат – жоқ.

2023-2024 оқу жылы бойынша 11 сынып бітіруші түлектер саны- 2, ҰБТ-ға қатысқаны – 2. «Алтын белгі» - 1, Аманкелдин Шадиар Ерболатұлы. Үздік аттестат – жоқ .

2024-2025 оқу жылы бойынша 11 сынып бітіруші түлектер саны- 2, ҰБТ-ға қатысқаны – 2. «Алтын белгі» - жоқ, Үздік аттестат – жоқ.

3 жылдық оқу жылы бойынша ҰБТ қорытындысы

Оқу жылдары	Түлек саны	ҰБТ-ға қатысқаны	Орташа балл	Грант саны
2022– 2023	4	4	79	1- Смағұл Ерасыл
2023 - 2024	2	2	66	1-Аманкелдин Шадиар
2024 - 2025	2	2	78	1-Аманкелді Бейбарыс 1-ЖанбаевАқзат

Мектеп бітіруші түлектердің орналасуы

Оқу жылдары	Мектеп бітіруші түлектер саны	ЖОО-на түскендер	Арнаулы орта білім беру ұйымдары	Жұмысқа орналасқандар	Еш жерде орналаспағандар
2022 – 2023	4	3	1		
2023 - 2024	2	1	1		
2024 - 2025	2	2	-		

Білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды жүзеге асыру және формативті және жиынтық бағалау талаптарын сақтау

Зерделеу барысында Білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды жүзеге асыру және формативті және жиынтық бағалау талаптарын сақтау

Зерделеу барысында: «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды

аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы 125 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы 2021 жылғы 28 сәуірдегі №189 бұйрығымен 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылындағы сынып журналдарындағы бағалау BILIM class ақпараттық жүйесімен, ұсынылған материалдармен зерделенді. Оқу жылында ағымдық бағалау баға қою, балл мен тоқсандық және жылдық бағаларды қою арқылы пән мұғалімдерімен бағаланған. 1-сынып бағаланбаған. Тоқсандық баға қалыптастырушы бағалау, бөлім және тоқсан бойынша жиынтық бағалау қорытындысының негізінде 50%-да 50% пайыздық арақатынаста қойылған. 2-11- сынып білім алушыларының пәндер бойынша жылдық бағалары тоқсандық бағалар жиынтығымен шығарылған, қорытынды баға жасалған. Білім алушылардың оқу жетістігін бағалау қалыптастырушы және жиынтық бағалау нысандарында жүзеге асырылған. Сонымен қатар, білім алушылардың тоқсандық және жылдық қорытынды бағалары шығарылғандығы анықталды. Оқыту барысында білім алушылар мен мұғалім арасындағы өзара және кері байланыс қамтамасыз етіліп қалыптастырушы бағалау жүргізілген. Қалыптастырушы бағалау бойынша 2-11-сынып білім алушыларының оқу жетістіктерін бағалау бір балдан 10 балға дейінгі шекте жүргізілген. БЖБ үшін ең жоғары балл 1-4 сыныптарда 7-ден кем емес және 15 балдан көп емес, 5-11 сыныптарда 7-ден кем емес және 20 балдан аспаған, аптасына 1 сағат оқу жүктемесі бар пәннен тоқсанына екі реттен артық емес, қорытынды баға жартыжылдыққа қойылған, тоқсанына үш реттен ТЖБ артық өткізілген пәндер кездесті, жауапты маманнан және пән мұғалімдерінен түсініктеме алынды. дегенмен жауапты маманнан **түсініктеме алынды. Тжб ,Бжб өткізу ережелері нақтыланды кестесіні пән мұғалімдеріне ұсынылды.** Бөлім бойынша жиынтық өткізілмейтін пәндерге «есептелінді» белгісі жазылған. Білім алушылардың оқу жетістіктерінің нәтижелері шығарылған. Жиынтық бағалау қорытындысы бойынша аттестаттаудан өтпеген білім алушы тіркелмеген. Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау өлшемшарттарға сәйкес жүргізілген. Оқу пәндері бойынша қалыптастырушы және жиынтық бағалау талаптары сақталған.

Баршақұм орта мектебінде «Bilim class» электронды журналы 2022 жылдың 1 қыркүйек айынан бастап жүргізіліп келеді. Электронды журнал бойынша жауапты оқу ісі жөніндегі орынбасары және информатика пәнінің мұғалімі Шакен Гүлжан Сибагатқызы. Электрондық журналға пән мұғалімдер оқушылар мен ата-аналар толығымен тіркелді, күнделікке сабақ кестесі оқу жылының аяғына дейін енгізілді. Барлық пән мұғалімдерге, оқушылар мен ата-аналарға жеке пайдаланушы аты (логин) мен құпия сөзі (пароль) берілді. Пән мұғалімдер информатика кабинетінде электронды күнделікке тақырып, баға, үй тапсырмаларын толтырады, жалпы мектепте оқу кабинеттерінде компьютер толығымен жеткілікті, бірақ интернет желісі жүргізілген. Интернет желісі мектеп бойынша барлық оқу кабинеттеріне интернет желісі жүргізілген.

Осы аталған кабинеттерде пән мұғалімдері күнделікті сабақтың бағасын қойып отырады. **Білім класс** бойынша пән мұғалімдер электронды журналды қалай толтыру бойынша түсіндірмелі жұмыстар жүргізілді.

2022-2023 оқу жылы бойынша күнделік оқу жылдың басынан жүргізіліп келеді, қазіргі таңда сабақ кестесі, тақырыптар мен үй тапсырмалары толығымен енгізілді, күнделікке қойылған баға мен тақырыптарды оқушылар мен ата-аналар Bilim class сайты арқылы көре алады. Сонымен қатар пән

мұғалімдер ұялы телефонға интернет желісінен «Bilim class» қосымшасын көшіріп алып, сол арқылы тек бағасын енгізе алады.

Кунделік рейтингісін соңғы апта бойынша мониторинг жүргізіліп отырады:

Пән мұғалімдер «Ж» белгісін толық қойылды. Жалпы оқушылар сабақтан калмайды. /125 бұйрық 16 тармақ/;

Қорытындылар бөлімінде «Жыл бағанға ұсынылған бағаны қоямыз және «Қорытындылар» бағанға бағалар қайталанып қойылды. /272 бұйрық 27 тармақ/;

ТЖБ болған күнге журналға жұмыс түрін «ҚБ/Ж» таңдалған;

БЖБ, ТЖБ тапсырмаған оқушыларға журналға "УА/А" (уақытша аттестатталмады) қойылады /125 бұйрық 23 тармақ/;

Тақырып сағат санын бойынша барлығы КТП сәйкес жүргізілді. (мысалы: 2 сағат аптасына * 36 апта =72 тақырып болуы керек, 1 сынып 35 апта), біріктіліген тақырыптарға 2 сағат деп көрсетіп кетеміз /2021 жылғы 27 шілдедегі № 368 бұйрық/;

Мерекелік күндер: 25 қазан, 16-17 желтоқсан, 8 наурыз, 1 мамыр, 7 мамыр, 9 мамыр;


Үй тапсырмасының уақыт көлемін тексерілді. /182 бұйрық/;

Оқу жылының ортасында келген оқушыға I тоқсаннан бастап тебелдегі бағасын журналға «мұғалім қолмен толтырады» бағанға тек бағасы қойылды, жартыжылдық бойынша бағаланатын пәндерде міндетті түрде БЖБ балы қойылады;

КЕТКЕН оқушыларды тізімнен шығарылды.

Бағалар толық шыққасын табельді қағазға шығарамыз /125 бұйрық 32,34 тармақ/, содан кейін НОБД ға график бойынша әр оқушыға жылдық бағаларын енгізді класс жетекшілері, 9,11 кл емтихан аяқталғасын шығарады;

ҚББ бөлімінде факультативтер, үйірмелермен секцияларға 1ж/ж, 2 ж/ж және жыл деген бағандарға «ЕСП» белгісі қойылды;



← ⑨ ↻ www.bilimclass.kz BilimClass - BilimLand Спросить

Бilim Class Қазақша

КІРУ

Логин: [Телефон арқылы кіру](#)

shaken_gulzhyan_1

Құпиясөз:


Кіру

Құпиясөзді ұмыттыңыз ба?

Құпиясөз: KMWDVN

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар Баршақұм орта мектебінде жоқ.

Баланың жас ерекшеліктерін ескере отырып, жеке оқу жоспарлары мен жеке бағдарламаларды әзірлеу кезінде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларды оқыту кезінде инклюзивті білім беру талаптарын орындау бойынша Баршақұм орта мектебінде 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарында инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктері бар тәрбиеленушілер жоқ. Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығына сәйкес жағдай жасалған. Кедергісіз ортаның болуы: талапқа сай мүмкіндігі шектеулі жандар үшін пандус ,тактильді жолдар, брайль тақтайшалары орнатылған.



2022-2023 оқу жылы бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тәрбиенің «Тұжырымдамалық негіздерін» іске асырудағы 2022-2023 оқу жылына арналған тәрбие жұмыс жоспары

Білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламаларын, Тәрбиенің кешенді бағдарламасын, Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын, барлық үлгідегі, деңгейдегі және меншік түріндегі білім беру ұйымдарында оқу бағдарламалары мен оқулықтарды, тәрбие бағдарламаларын әзірлеуде Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері негіз болады.

ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫ БАРЛЫҚ МҮДДЕЛІ ТАРАПТАР: ОТБАСЫ, БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫ, ҚОҒАМНЫҢ ЖАППАЙ ҚАТЫСУЫМЕН КЕШЕНДІ ТҮРДЕ ӨТКІЗІЛЕДІ.

Орта білім беру ұйымдарында тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың нормативті-құқықтық базасы келесідей құжаттарға сәйкес жүргізіледі:

1. «Бала құқығы туралы» БҰҰ Конвенциясы;
2. Қазақстан Республикасының Конституциясы;
3. «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі. 26 желтоқсан 2011 жыл;

4. «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы Заңы;
5. «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-IV Заңы;
6. «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 02 шілдедегі №169VI Заңы;
7. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңы;
8. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;
9. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері.
10. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 1 қазандағы №525 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері.
11. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 12 маусымдағы №248 бұйрығымен бекітілген 2020-2025 жылдарға арналған «Құндылықтарға негізделген білім беру» жобасы.
12. Коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезінде орта білім беру ұйымдарында оқу процесін іске асыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдар.

Тақырыбы : Ұлттық рухы биік адамгершілігі жоғары салауатты өмір салтын ұстанатын елінің өткенін құрмет тұтып ,ертеңіне өз үлесін қосуды парызым деп білітін жан- жақты білімді, қаблетті, жаңашыл тұлға қалыптастыру

Мақсаты: «Рухани жаңғыру » бағдарламасы шеңберінде Қазақстан Республикасы білім беру ұйымдары балалар мен жастарды тәрбиелеу .

XXI ғасырдың лайықты өмірін қалыптастыруға қабілетті жан – жақты және үйлесімді дамыған тұлғаны тәрбиелеу

- Тәрбие берудің мақсаты білім алушылардың қоршаған ортада шынайылықты түсінуге,өзінің даралығын сезінуге, айналасындағы адамдармен қарым-қатынас дағдыларын игеруге, өзінің оқу іс-әрекетін ой елегінен өткізуге бағытталған тәрбиелік шараларды ұйымдастыру.
- Кәсіби шығармашылық танымын кеңейту, мамандықты дұрыс таңдауда бағыт-бағдар беру және адам белгілі бір іс-әрекет саласына еніп, бір ізге түсуіне көмек беру.
- Бала тәрбиесінде жаңа заман талабына сай ата-аналардың өзіндік идеяларын іске асыруға мүмкіндіктер туғызу.

Тәрбиенің мақсаттары мен тәрбие жұмысының міндеттері білім беру процесінде, сабақтан тыс және бос уақытта іске асырылады.

Тәрбие жұмысын іске асыру тиімділігінің өлшеуіші ретінде тұлғаның қоршаған әлемге, қандай да бір құндылықтарға және қоғамдық құбылыстарға қарым-қатынастардан байқалатын критерийлер ұсынылды.

Тәрбиенің сегіз бағыты бойынша арнайы жоспар жасалып, жыл сайын осы жоспарға сай шаралар жүргізіліп келеді. 2022-2023 оқу жылында тәрбие бағытында іс-шаралар жоспарға сай жүргізілді.

Оқу жылының I тоқсанында осы тәрбие тұжырымдамасын басшылыққа ала отырып түрлі іс-шаралар жүзеге асырылды. Атап айтсақ, тамыз айында барлық сынып жетекшілерге жаңа оқу жылындағы тәрбие бағытындағы өзгерістер туралы түсініктер беріліп, жаңа оқу жылына арналған жұмыс жоспарлары жасалып, бекітірілді. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

Мейрман Т.М. Баршақұм орта мектебінің тәрбие саласымен айналысатын мамандары ҚР Білім және Ғылым министрлігінің 2015 жылғы 22 сәуірдегі №227 бұйрығымен бекітілген Қазақстан

Республикасының үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасын басшылыққа ала отырып жұмыс атқарды.

Баршақұм орта мектебінде 2022 – 2023 оқу жылындағы мектеп оқушылары туралы мәлімет. МАДТ тобына 6 тәрбиеленуші, 1 сынып 4 оқушы, 2 сынып 5 оқушы, 3 сынып 7 оқушы, 4 сынып 5 оқушы, 5 сынып 4 оқушы, 6 сынып 5 оқушы, 7 сынып 6 оқушы, 8 сынып 6 оқушы, 9 сынып 5 оқушы, 10 сынып 2 оқушы, 11 сынып 4 оқушы. Барлығы-53 оқушы оқу жылын басталды. 2022 – 2023 оқу жылында мектебіміздің 1-11 сынып оқушылары төмендегі аталған үйірмелерге қатынасты. Мектепшілік (ақылы): «, «Шахмат-дойбы» - 20 оқушы, «Үстел теннисі» – 10 оқушы, , Ақысыз: Пәндік үйірмелер бойынша да мектепшілік «Жас қалам» тілдік үйірме - 12, «Жаратылыстану – математикалық» «Жас математик»- 14 оқушы тартылды. Сонымен қатар оқушыларымыз мектептен тыс қосымша білім беру мекемелеріндегі үйірмелерге қатысады.

2022-2023 оқу жылы 1 қыркүйек Білім күніне арналған **«Кел балалар оқылық»** атты салтанатты жиынмен басталды 1-11 сыныптарда аталған тақырыпта бірыңғай сынып сағаттары ұйымдастырылып өткізілді.

«Баршақұм орта мектебі» КММ-нің 2022-2023 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жылдық жұмыс жоспары мектеп директоры қолымен, мөрімен бекітілді. Тәрбие жұмысын ұйымдастыру кезіндегі басымдықтар білім алушылардың әл-ауқатын қамтамасыз ету, баланың жеке басына құрмет пен сенім, балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету, оларды кемсітушілікке жол бермеу болып табылады. 2022-2023 оқу жылы бойынша мектебімізде 8 комплекті сынып болды. Барлық сыныптарға мектеп директорының бұйрығына сәйкес, сынып жетекшілер тағайындалды.

Әрбір тәрбие бағыттары бойынша 2022-2023 оқу жылында **«Рухани жаңғыру»** бағдарламасының қоғамдық санасын жаңғыртудың барлық негізгі бағыттарын ескере отырып сонымен қатар білім алушылардың жалпыадамзаттық құндылықтарды сіңіруге бағытталған тәрбие процесі жүзеге асырылды.

Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтылықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие. Мақсаты: Балалар мен жастардың патриоттық сана-сезімі мен өзіндік сана-сезімін қалыптастыру, Қазақстан Республикасының Конституциясына, мемлекеттік рәміздерге құрметпен қарауды тәрбиелеу, құқықтық мәдениетті қалыптастыру, олардың құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарас.

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы дайындаған «2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау негізінде және «Жастар рухы» партиясы жастар қанатының кезектен тыс YI съезінде Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаев: «Жаңа Қазақстан жастары үшін үш басымдылық – Терең білім, Еңбекқорлық және Отаншылдық қасиеттерін» атап өтті. Осыған орай **2022-2023 оқу жылы бойынша 1 қыркүйекте республиканың барлық жалпы білім беретін мектептерде тәрбие жұмысының іс-шаралар барысы «Кел балалар оқылық!» тақырыбындағы алғашқы қоңырау салтанатты жиыны мектеп ауласында ұйымдастырылып, әр сыныпта бірыңғай тәрбие сағаттарынан бастау алды.**

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы кіргізіліп, Гимн орындалды. Оқушыларға «Әліппе» оқулығы салтанатты түрде табысталды. Алғашқы қоңырау соғылып, оқушылар өз сыныптарына орналастырылды. Бірыңғай сынып сағатында білім алушылармен бірге білімге ұмтылу, отаншылдық, еңбексүйгіштік құндылықтарының адам өміріндегі рөлін талқылау мақсатында жүргізілді.

Өткен оқу жылында өткізілген тәрбиелік іс-шаралардың ішінде «Менің Отаным - Қазақстан» тақырыбындағы ертеңгілік. «Абайлаңыз, балалар!», 9- сыныптар арасында өткен «Алтын күз 2022», 5-9-сыныптар арасында өткен «Ұстазым- ұлағатым!», 5-11 сыныптар арасында «Ұстазым саған мың алғыс!» ұстаздар мерекесіне арналған кеш. 5-6 сыныптар арасында Төлеген Айбергеновтың туғанына 80 жыл «Жырларым жан арыммен қатар сөнбе» атты поэзия минуты.. 1-11 сыныптар арасында «Театр және балалар» жобасы аясында Ы. Алтынсарин шығармаларынан сахналық қойылымдар көрсетілді. М. Мақатаев «Ақиық ақын» 5-7 сыныптар арасында мәнерлеп оқу сайысы өткізілді. 5-7 сыныптар арасында

«Мектебіңе кітап сыйла» акциясы өткізілді. 6-7 сыныптар арасында «Ең үздік оқырман» сайысы ұйымдастырылды.

Оқу жылының басында «Отбасы – рухани жаңғыру негізі» тақырыбында 1-11 сыныптың ата-аналар кеңесінің мүшелері арасында жалпы жиналыс өтті. Қараша айында «Жеке тұлғаны қалыптастырудағы қоғам, мектеп, отбасы ынтымақтастығы», сәуір айында «Тәрбиелі ұрпақ – ел болашағы» тақырыбында ашық есік күндері өтті. «Ұрпақ қамы – ұлт қамы» тақырыбында пікірталас, Ш. Мұртазаның «Ай мен Айша» шығармасы желісінді монолог оқу сайысы ұйымдастырылды.»

Рухани-адамгершілікке тәрбиелеу мақсатында «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында мектепте іс-шаралар жоспары жасалып, бекітілді.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасының басым бағыттарының бірі «Өлкетану» оқулығы дайындалды (5-6-7 сыныптарға арналған «Өлкетану» оқулығында Байғанин өңірінің тарихы, киелі жерлері жайлы аңыздар, тарихи деректер, тарихи тұлғалар, ұлттық қолөнер, туристік маршруттар және т.б. мәліметтер жинақталған). Жас ұрпақтың бәсекелік қабілетін арттыру, заман талабына сай зияткер ұрпақ тәрбиелеу мақсатында «Дарын» орталығының жұмысына сәйкес зияткерлік сайыстар өткізілді. «Рухани қазына» кіші бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында «Туған өлкем- тұнған шежіре» тақырыбымен өңірдегі тарихи мәдени орындарға саяхат ұйымдастырылды.

«Шаңырақ» оқушылар қауымдастығы арқылы бірнеше жобалар мектептерде іске асырылуда, атап айтқанда, «Қоғамға қызмет!» оқушылардың өзін-өзі басқару еріктілер клубы, «Қарттарым – асыл қазынам», «Мейірімді жүрек» әлеуметтік жобалары, «Туған жерге тағзым!» өлкетану саяхаты, «Балалар әлеміндегі игі істер» әлеуметтік жобалары - мектептегі жаңаша тәрбие үрдісі. Құндылыққа бағдарланған тәрбие бағдарламасы оқушылардың бойында құрмет, ынтымақтастық, ашықтық, қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік, еңбек және шығармашылық, өмір бойы білім алуға бағытталған маңызды білім беру құндылықтарын қалыптастыруды көздейді.

«Туған жер» жобасы аясында туып-өскен жерлерімен байланысын нығайту, елімізде қайырымдылық мәдениетін жетілдіру, тарихты, географияны, туған өлке нысандарын зерттеу және оның көркейту бағытында өлкетану жұмыстары жүргізілуде.

Спорт, қосымша білім беру, жазғы демалыстың ұйымдастырылуы бағытында 2022-2023 оқу жылында оқушылар жыл бойы мектеп ішілік және аудандық спорттық сайыстарға қатысты. Жалпы білім беру ұйымдарында бұқаралық спортты дамыту, салауатты өмір салтын қалыптастыру, жоғары білімді, дені сау, спортта биік жетістіктерге жететін оқушыларды тәрбиелеу мақсатында жыл сайын дәстүрлі түрде мектеп оқушылары арасында спорттың 3 түрінен облыстық көктемгі және күзгі спартакиада өткізілді. Отбасы күніне орай отбасылық «Толағай» сайысы ұйымдастырылды. Ұлттық наурыз мерекесін атап өту мақсатындағы шаралар барысында оқушылар мен мұғалімдер арасында ұлттық ойындар ойнатылды.

Құқық бұзушылықтың профилактикасы (қылмыс, суицид, жыныстық тиіспеушілік, нашақорлық) суицидтік жағдайларының алдын алу жұмыстарында мектеп психологы А.Құлбарақова мен медбике Г.Дауылбаева психологиялық тренингтер мен танымдық сағаттар өткізіп, жыл бойы түсінік жұмыстарын жүргізіп, сынып жетекшілер танымдық сағат өткізді. Сартоғай селолық әкімдігінің учаскелік полиция инспекторы Т. Н. Ебжасаров танымдық сабақ өткізіп, ата-аналар мен жасөспірімдер арасында бірлескен жиналыстар өткізді.

Кәмелетке толмағандар тарапынан қоғамға қарсы әрекеттерді анықтау, рейдтер жүргізу арқылы мектепшілік ережелердің сақталуын қадағалау мақсатында Қазақстан Республикасының Ішкі істер, Білім және ғылым министрліктерінің ұсынысымен оқу жылының басынан бері **«Жас сақшы»** жасағы құрылып, құрамында 9 оқушы жасақтың мүшесі ретінде қабылдапнып, АӘД пәнінің мұғалімі Ж. Н. Нұр尼亚зов жетекшілі етеді.. Жергілікті полиция қызметі және мектеп мұғалімдерімен бірлескен рейдтік кестелер бекітілді. Кәмелетке толмағандарға қарсы сексуалдық сипаттағы зорлық-зомбылықтың алдын алу бағытында білім беру ұйымдарында және мектепке дейінгі балалар мекемелерінде ата-аналарға «Балалардың қауіпсіздігін бірге қорғайық» жадынамасы таратылды. Мектеп оқушылар мен олардың ата-аналарыға бейнероликтер көрсету арқылы кәмелетке толмағандар арасындағы орын алып жатқан қылмыстар жөнінде ақпараттандырылды.

Білім беру ұйымдарында «Қылмыстық қол сұғушылықтан өзінді, отбасыңды, үйінді және жеке мүлікті қалай қорғауға болады» тақырыптарында жадынамалар дайындалып, ата-аналарға таратылды.

Профилактикалық жұмыстардың маңыздылығын күшейту мақсатында білім беру ұйымдарының оқушылары мен педагогтарының оқу ғимараттарының ішінде ұялы телефондар (*смартфондар*) пайдалануына тыйым салынды. Бұл ұсыныстар барлық білім беру ұйымдарының ішкі тәртібін реттейтін Ереже, қағидаларына ата-аналар комитетінің келісімімен енгізілді.

«Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын-алу» мақсатында ата-аналар мен мектеп мұғалімдерінен құралған оперативті топ мүшелерінің кесте бойынша рейдке кешкі сағат 21:00-12:00ге дейінгі уақыттар аралығы белгіленді.

«Түнгі қаладағы балалар» акциясы, «Жасөспірім» атты жедел профилактикалық іс-шара барысында беймезгіл жүрген оқушыларға бақылау жасалып, ата-аналар мен мұғалімдерден құрылған оперативтік топ мүшелері кезекшілік бойынша рейдке шығады.

«Қатыгездіксіз, зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» атты республикалық науқан аясында 8-20 қараша аралығында әр түрлі форматтағы іс-шаралар өткізілді. Науқан барысында 1-11класс аралығындағы оқушылардың қатысуымен «Қатыгездіксіз, зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» атты мектеп тәлімгері А. Жұмақұлованың ұйымдастырумен танымдық сабақ өткізді. «Әр бала зорлық-зомбылықсыз балалық шаққа құқылы» сынып сағаттары өткізілді. «Отбасындағы зорлық-зомбылықтың салдары» ата-аналар жиналысы, «Түнгі қаладағы балалар» рейдтер, «Балаға мейірім сыйла» акциясы сынып жетекшілердің ұйымдастыруымен өткізді. Сонымен қатар «Қатыгездік пен зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» атты онкүндік іс-шаралар 8-20 қараша аралығында ұйымдастырылды. Іс-шара барысында «Бақытынды баладан ізде» атты жалпы ата-аналар жиналысы өткізілді.

р\с	Іс – шаралар атауы (оффлайн, онлайн түрде)	Өткізу күні, уақыты, орны	Қатысушылар саны	Облыс, қала, аудан, ауыл әкімінің қатысуы	Ақпараттандыратын бұқаралық ақпарат құралдары (жалпы саны, атаулары)	Орындау үшін жауапты
1	«Бала құқығы-адам құқығы» (оффлайн түрде)	08.11.22ж	36	Мақан А	«Жем - Сағыз» газетіне мақала беру (кезінде), «Тәртіпке бағын жамыңнан...» тәрбие журналына мақ	Сәдуова Ө
2	«Бақытты балалық шақ» эссе байқауы (оффлайн түрде)	09.11.22ж	20			Самарбаева Б Кулбаева А
3	«Жылы жүрек-жақсы тілек» психологиялық тренинг. (оффлайн түрде)	10.11	36			Құлбарақова А
4	«Оқы да білім ал, құқығыңды біліп ал!» танымдық ойын (оффлайн түрде)	11.11	40			Даулыбай Ө Көшімова Г
5	«Тәртіпке бас иген құл болмайды» (дөңгелек үстел) (оффлайн түрде)	12.11	30			Мейрман Т
6	«Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» (сурет көрмесі) (оффлайн түрде)	14.11	18			Нұрниязов Ж Сәби А
7	«Үлкенге ізет- кішіге көмек» пікірталас	15.11	25			Жұмақұлова А

	(оффлайн түрде)					
8	«Тұрмыстағы зорлық-зомбылық» (оффлайн түрде)	16.11	30			Жайшылық Қ
9	«Өмір сен қымбатсың!» психологиялық тренинг (оффлайн түрде)	17.11	25			Құлбарақова А
10	«Аталар сөзі- тәрбие көзі» апталықтың жабылуы (оффлайн түрде)	18.11	36			Сұлтанова Н Мейрман Т

Дін сауаттылығын арттыру мақсатында кездесуде жасөспірімдер арасындағы қылмыстылықтың алдын алуға, жат ағымдардан сақтануға байланысты «Жалған жихад», «Телефон терроризміне жол бермеңіз!» бейнероликтері көрсетіліп, «ҚР Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексінің», «Қылмыстық кодексінің баптары» туралы ақпараттық жадынамалар таратылып, кеңінен түсіндірме жұмыстары жүргізілді. **Құқық бұзушылықтың алдын алу бағытындағы жұмыстарды күшейту** мақсатында жасөспірімдер түрлі спорттық шаралар мен патриоттық әндер байқауы ұйымдастырылды. Ата- аналар мен бірлескен тәрбиелік шаралар мен дөңгелек үстел өткізілді.

Оқушыларға жолда жүру ережелерін түсіндіру мақсатында қыркүйек айында бастауыш білім алушыларына «Абайлаңыз, балалар!» акциясы барысында учаскелік инспектор Т. Н. Ебжасаров жетекшілігімен ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

25-қазан Қазақстан Республикасы күніне орай іс-шаралар жоспары бойынша Мемлекеттік әнұранды бір мезетте орындау жұмысы, «Қазақстан достық мекені» дөңгелек үстел, «Менің арманымдағы Қазақстан» эссе конкурсы, «Тұғыры биік – Тәуелсіз Қазақстан» пікірсайыс турнирі, «Қазақстан еліне виртуалды саяхат» тәрбие сағаты, «Тәуелсіздік елімнің еркін жолы» кітап көрмесі, «Менің Туым – Менің Қазақстаным» шығармашылық байқауы өткізілді.

16 желтоқсан – Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған іс-шаралар жоспары құрылып, «Тәуелсіз елім- кең байтақ жерім!» , «Тәуелсіздік жетістіктері» тақырыбында бастауыш кластарда тәрбие сағаттары, «Тұғыры биік- тәуелсіздік» тақырыбында поэзия минуты өткізілді, «Тәуелсіздік жетістіктері» жоғары кластарда тәрбие сағаттары, «Тәуелсіздік деп соғады жүрегіміз» атты тақырыпта патриоттық әндер байқауы ұйымдастырылды. «Тәуелсіздік – ұлт рухының бастауы» дөңгелек үстел, «Терең тарихтан – жарқын болашаққа» пікірсайыс турнирі, «Тәуелсіздік тәңір сыйы» атты «ЖасҰлан» бірыңғай жасөспірімдер ұйымына оқушыларды қабылдау салтанатты жиыны өткізілді.

«Нашақорлыққа қарсы және есірткінің заңсыз айналымына қарсы халықаралық күрес» күніне орай 2023 жылғы маусымға арналған есірткіге қарсы профилактикалық іс-шаралар жоспары құрылып, уақытында орындалды.Құқық бұзушылықтың алдын-алу шараларына байланысты Мектебімізде 8-11класс оқушылары аралығында «Нашақорлық өміріңе зиян» тақырыбында мектеп медбикесі Г.Дауылбаеваның қатысуымен дәріс сабағы өткізілді.

Ақпараттық түсіндіру тобының іс-шараларына сәйкес оқушыларды кемелдендіру, рухани тәрбиелеу мақсатында 9-11класс ата-аналарына «Дін және дәстүр» тақырыбында түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Ұлттық тәрбие аясында «» тақырыбында дебаттық сайыс өткізілді. «Раушан» қыздар ұйымы жетекшісі Г. Көшімованың жетекшілігімен «Қызбалалар арасындағы бопсалаушылық», «Өзге өңірлердегі жасөспірімдер арасында болып жатқан тәртіпсіздіктер» тақырыптарында алдын-алу, түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

7мамыр – Отан қоғаушылар күні, 9 мамыр – Жеңіс күні мерекелеріне байланысты іс-шаралар жоспары құрылып, басшылықпен бекітірілді. Ұлы жеңістің 76 жылдығына орай соғыс ардагерлерінің ұрпақтарымен сұхбаттар жүргізіліп, ардагерлердің құнды дүниелерінен көрмелер ұйымдастырылды.

«Адал ұрпақ» жобасы аясында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды жүзеге асыру жөніндегі 2023 жылға арналған іс-шаралар жоспарына сай бкласс оқушыларына «Адал білім» акциясы ұйымдастырылып, «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ» тақырыбында бейне көрестілім ұсынылды. Сонымен қатар «Мемлекеттік қызмет – елдің мүддесіне адал еңбек» тақырыбында эссе жаздырылып, «Адалдық пен қайырымдылыққа бір қадам» атты мектеп психологының тренингі өткізілді және жалпы ата-аналар жиналысында «Сыбайлас жемқорлықсыз қоғам» тақырыбында дәріс оқылды

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру іс-шаралар жоспарына сәйкес ата-аналарға қаражат жинамау туралы түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, ата-аналар чаттарына, білім беру ұйымының әлеуметтік желілеріне жадынамалар таратылды. мектептегі өзін-өзі басқару жұмысын жандандыру, тұлғаның көшбасшылық қасиеттерін ашу және білім алушылардың ұйымдастырушылық қабілеттерін іске асыру мақсатында «Дублер күні» өткізу ережесінің талаптарына сай ұйымдастырылды.

Рухани-адамгершілік тәрбие

«Мектепке жол» акциясы бойынша әлеуметтік педагог мектебімізден оқушылардың санаттарына байланысты 7 баланы қамтып, оларға оқу құралдарынан көмек және спорттық киімдер берілді, Мемлекеттік қызмет көрсету стандартына сәйкес оқушылардың санаттарына байланысты қаңтар айынан бастап 20 бала ыстық тамақпен қамтамасыз етілді.

Қарттар күніне орай аулымыздың зейнеткері Төлеуқара Жалмұхан ақсақалды мектеп оқушылары, ұстаздары құттықтап, мектеп әкімшілігі атынан «Алғыс хатпен» гүл шоқтары табыстап, ауыл қартымен сұхбаттасып қайтты.

«Дублер күніне» орай іс-шаралар жоспары құрылып, жауаптылар уақытында іс-шараны өткізді.

«Бала еңбегін пайдалануға қарсы күрестің 12 күні» ұлттық ақпараттық науқанына арналған іс-шаралар жоспары құрылып, өткізілді.

Жалпы білім беретін мектептерде 2022-2023 оқу жылын аяқтау тұжырымдамасы негізінде ұсынылған тақырыптар бойынша 25 – 31мамыр аралығында барлық сыныптарда сынып сағаттары өткізілді.

Ақтөбе облысының білім басқармасының 2023жылғы 24мамырдағы №2/2436санды хатына сәйкес «Жалпы білім беретін мектептерде 2022-2023 оқу жылын аяқтау Тұжырымдамасын» негізге ала отырып, 1маусым күні «Сыңғырла күміс қоңырау» тақырыбында 1,4,9,11класс оқушылары аралығында салтанатты жиын өткізілді.

Ұлттық тәрбие

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында ұмыт бола бастаған салт-дәстүрлерді, ұлттық қолөнерді, зергерлік бұйымдар атауларын қайта жаңғырту мақсатында құрылған «Аталар мектебі», «Әжелер

мектебі», «Әкелер мектебі» , «Аналар мектебі» клубтары өз жұмыстарын жылдық жоспарларына сай жүргізді.

ҚР Рәміздерін қастерлеп, құрметтеуге тәрбиелеу бағыты бойынша атқарылатын іс-шаралар жоспарына сай «Рәміздерім- мақтанышым!» тақырыбында бастауыш сынып жетекшілері тәрбие сағаттарын, «Рәміздерге құрмет» атты мектеп тәлімгері Жұмақұлованың ұйымдастырумен бейнероликтер дайындалды.

Байғанин аудандық білім бөлімінің қатынасына байланысты 1наурыз, 8наурыз, 22 наурыз күндері болатын мерекелерге орай жоспар құрылып, әр шара жоспар бойынша әлеуметтік желіге жарияланды.

Ұлыстың Ұлы күні наурыз мерекесі іс-шаралар бойынша бастауыш буын, орта буын, жоғары буын болып мереке аталып өтті. Ұлттық салт- дәстүрімізге байланысты көріністер көрсетіліп, ұлттық ойындар ойнатылды. Барлық оқушы мерекелік шараға толық қамтылды.

Отбасы тәрбиесі

Оқушыларға отбасының адам өміріндегі маңыздылығын ұғындыру, адамгершілік қарым-қатынас қасиеттерін қалыптастыру, ата-ананы құрметтей білуге тәрбиелеу мақсатында 12қыркүйек күні мектеп психологының ұйымдастыруымен 6-8 сынып «Отбасы – бақыт мекені» психологиялық тренингі өткізілді.

Аналар мектеп клубының жетекшісі Нұргүл Сұлтанованың ұйымдастыруымен «Анаммен бірге» мерекелік ән кеші өткізілді.

«Әке – асқар тау» тақырыбында 7-11класс ер балаларының әкелерімен дөңгелек үстел өткізілді.

15мамыр – Халықаралық отбасы күніне арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес «Толағай» отбасылық сайысы ұйымдастырылды. «Менің отбасым» фото суреттер байқауы ұйымдастырылды. «Оқуға құштар мектеп» жобасы жетекшісі Бидильдаева Айзаттың ұйымдастыруымен «Кітап оқы» оқу марафоны өткізілді.

Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие

2023 жылдың білім алушылардың бойында экологиялық мәдениетті қалыптастыру , қоршаған ортаны құрметтеу мақсатында сынып жетекшілер мен мектеп тәлімгерінің ұйымдастырумен «Арайлы алтын күз» күзгі дәндә дақылдарынан экибина жасау арқылы көрме ұйымдастырып, «Еңбек-елдің мұраты» атты сыныптан тыс шаралар, танымдық сағаттар өткізілді. Сонымен қатар технология пәнінің мұғалімдері Былшымбаева Раушангүлдің ұйымдастырумен желтоқсан айында Қазақстан Халқы Ассамблеясының 26 жылдығына орай «Жер-ортақ үйіміз» суреттер байқауы өткізсе, жас мамандардың ұйымдастырмен «Біз болашақ-айнасы» атты жоғары сынып оқушыларының қатысумен түрлі мамандық иелерін шақырып кездесу ұйымдастырылды. Наурыз-сәуір айларында «Табиғат туып өскен тал бесігім» атты мектеп аулаларын абаттандыру жұмыстары қолға алынып, «Туған өлкем көркейтуге міндеттімін мен сені» атты тақырыпта челленджер өткізілді. Осы тақырыптар төңірегінде 12- сәуір ғарышкерлер күніне орай ғарышкерлердің еңбегі насихатталынып, түлектер оллеясының жоспарлары жасақталынды.

Көп мәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие

«Алғыс айту» күні мерекесіне орай мектебімізде «Өміріңе риза болып, алғыс айт!» тақырыбында челлендж өткізіліп, «алғыс жәшігі» орнатылды.

«Бата алғанның бағы бар» тақырыбында зейнеткерлерге көмек көрсету мақсатында Қайырымыдылық акциясы ұйымдастырылып, «қоғамға қызмет» еріктілер тобы оқушылары ауылымыздың жалғыз басты зейнеткерге барып қар тазалап, үй тазалау жұмыстарына көмектесті.

1 мамыр - Қазақстан халықтарының бірлігі күні мерекесіне байланысты іс-шаралар жоспары құрылып, жоспар бойынша жауаптылар уақытында өткізді.

Күз мезгілінің өзгерістерін ұғындыру, мерекелік көңіл - күй орнату мақсатында «Алтын күз» мерекесіне орай бастауыш сынып оқушыларының арасында «Күз ханшайымы» сайысы өткізілді.

Жаңа жылдық іс-шаралар бойынша бастауыш буын, орта буын, жоғары буын болып мереке аталып өтті.

Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі

Мектебіміздегі «Дарын» ұйымының жетекшісі А. Өтегеновтің ұйымдастыруымен «Кім білгір?» зияткерлік сайысы ұйымдастырылды «Қызық екен» телебағдарлама үлгісі негізінде мұғалімдер және оқушылар арасында сайыс өткізілді. «Қауіпсіз терезелер» науқаны аясында МАД, ШО, 1-4 класс оқушыларына «Терезеден құлауға байланысты жазатайым жағдайлардың алдын-алу» тақырыбында сынып жетекшілердің ұйымдастыруымен ата-аналарға танымдық сағат өткізіліп, мектеп тәлімгері А. Жұмақұлова «Абайлаңыз, ашық терезе» атты тақырыпта балалардың терезеден құлауының алдын-алу бойынша ата-аналарға, оқушыларға жадынама таратып, түсінік жұмыстарын жүргізді.

Сонымен қатар қоғам назарын балалардың қауіпсіздік мәселелеріне деген саналы көзқарасына аудару мақсатында «Менің мектебім буллингке қарсы» атты жалпы республикалық флешмобы өтті.

Ақтөбе облысының білім басқармасының №2/2302 хатына сәйкес «Өрт қауіпсіздігі» мен «Судағы қауіпсіздік» апталығы ұйымдастырылды.

«Желі алаяқтарынан қалай қорғануға болады?» тақырыбында 9-11класс оқушылары аралығында ақпараттық түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

«Мектеп парламенті» жобасының жылдық жұмыс жоспарына сай «Шынықсаң шымыр боларсың» тақырыбында жоба мүшелері жоғары сынып қыз балалары арасында флешмоб өткізді.

26 желтоқсан күні «Көктайғақ пен көк мұз кезіндегі сақтық шаралары», «Пиротехникалық өнімдерді қолдану кезіндегі өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау», «Мерекелік күндердегі өрт қауіпсіздігінің алдын-алу» тақырыптарында Zoom платформасы арқылы 9,11 кластар онлайн сабағына қатысты.

Мектепшілік жалпы ата-аналар жиналысында Күн тәртібінде төмендегідей тақырыптар қамтылды:

1. 2022-2023 оқу жылы бойынша оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру
2. Мектептің ішкі тәртіп ережесі;
3. Тазалық – денсаулық кепілі;
4. «Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын-алу»;
5. 2022-2023 оқу жылының I жартыжылдықтың қорытындысы;

6. Оқушылардың демалыс кезіндегі қауіпсіздіктері;
7. Баланың басты ұстазы ата- анасы;
8. 2022-2023 оқу жылының ІІІоқу тоқсанының қорытындысы
9. Отбасы бақыты- бала. Оқушылардың демалыс кезіндегі қауіпсіздіктері;
10. Құқық бұзушылықтар мен жол көлік оқиғаларының алдын-алу;
11. Кибербуллинг және буллинг, суицид жағдайларының алдын-алу;
12. Ерте жүктілік және жыныстық қол сұғушылық оқиғаларының алдын-алу;
13. «Отбасы, бала, қоғам»;
14. 2022-2023 оқу жылының ІҮоқу тоқсанының және жылдық қорытындысы
15. «Адал болу, үлкен мәртебе»;
16. Оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру. Жазғы кезеңде қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулық жүргізу;
17. «Нашақорлық – шын қорлық»;
18. Жыл бойы мектеппен тығыз байланыс жасаған ата-аналарды марапаттау тақырыптарында ата-аналар жиналыстары өткізілді

Жыл бойы жүргізілген барлық іс-шаралар мектебіміздің әлеуметтік желісіне жарияланды.

2022-2023 оқу жылында «Жас ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының жылдық жоспары жасалып, бекітілді. «Жас Ұлан» ұйымы отырысы өткізіліп, ұйым мүшелерінің келісімімен мектеп ұланбасы өз қызметін жалғастыруда. Ұйым жұмысы жоспарлы түрде жалғасын табуда. «Ұшқыр ой алаңы» дебаттық қозғалысы аясында өз жұмысын лайықты түрде атқарып келеді. Жетекшісі: Жанұзақова Жаннұр

2022-2023 оқу жылында ішкі есепте оқушылар болған жоқ.

	2021-2022	2022-2023	2024-2025
Мектепшілік есепке алынған оқушылар туралы мәлімет	-	-	-
Ішкі істер бөлімі есебіне алынған оқушылар	-	-	-
Жағдайсыз отбасы балалары туралы мәлімет	-	-	-
Инклюзивті білім беру бағдарламасымен оқитын оқушылар туралы мәлімет	-	-	-

2023-2024 оқу жылындағы тәрбие жұмысына талдау есебі.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2023 жылғы 19-қыркүйектегі № 294 бұйрығы, Ақтөбе облысының білім басқармасының 2023 жылғы 20-қыркүйектегі №398 бұйрығынегізінде жалпы білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысы «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздеріне сәйкес, Баршақұм орта мектебінің 2023-2024 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жылдық жоспары құрылып, бекітілді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты: Жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Тәрбие жұмысын ұйымдастыру кезіндегі басым бағыт – балаға қамқорлықпен құрмет көрсету, сенім арту, балалардың құқықтарымен заңды мүдделерін қамтамасыз ету, оларды кемсітуге жол бермеу болып табылады.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» 1) Ұлттық мүдде, 2) Ар-ұят, 3) Талап тәрбие құндылықтары бойынша жүзеге асырылды. Сонымен қатар «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында жүзеге асырылатын төмендегі жобалар жетекшілері бекітіліп, жылдық жұмыстары жүргізілді. «Оқуға құштар мектеп» («Балалар кітапханасы»), «Балалар және театр», «Еңбегі адал жас өрен», «Ұшқыр ой алаңы», «Жеткіншектің жеті жарғысы», «Ұлттық мектеп лигасы», «Ғаламтор қауіпсіздігі», «Төрт тоқсан – төрт өнер», «Тоғыз айға – тоғыз іс-шара», «Ата-аналар мектебі»

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» ұлттық мүдде, ар-ұят, талап құндылықтары бойынша барлық 11 класс жетекші тәрбие жұмысы жоспарларын құрып, бекітіп, жылдық жұмыстарын жүргізді.

Биылғы оқу жылында 11 сынып жетекші жұмыс жүргізді, оның 3-зерттеуші, 4- сарапшы, 2-педагог модератор, 2-педагог санатында.

2023 – 2024 оқу жылындағы мектеп оқушылар туралы мәлімет.

МАДТ тобына 7 тәрбиеленуші, 1 сынып 7 оқушы, 2 сынып 4 оқушы, 3 сынып 4 оқушы, 4 сынып 7 оқушы, 5 сынып 5 оқушы, 6 сынып 4 оқушы, 7 сынып 5 оқушы, 8 сынып 5 оқушы, 9 сынып 5 оқушы, 10 сынып 3 оқушы, 11 сынып 2 оқушы. Барлығы-51 оқушымен оқу жылы басталды. 2023 – 2024 оқу жылында мектебіміздің 1-11 сынып оқушылары төмендегі аталған үйірмелерге қатынасты. Мектепшілік (ақылы): «Шахмат-дойбы» үйірмесі – 14 оқушы, «Үстел теннисі» - 12 Ақысыз: Пәндік үйірмелер бойынша да мектепшілік «Жас қалам» тілдік үйірме - «Жаратылыстану – математикалық» «Жас математи» - 13 оқушы тартылды. Сонымен қатар оқушыларымыз мектептен тыс қосымша білім беру мекемелеріндегі үйірмелерге қатысады.

Ақтөбе облысының білім басқармасының №2/5049 сандық хаты негізінде «Біртұтас тәрбие – құндылықтар жүйесі» тақырыбында ата-аналар жиналысы және педагогтар жиналысы өткізілді. Жиналыс барысында «Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты, міндеттері, күтілетін нәтижелері туралы және ұлттық мүдде, ар-ұят, талап құндылықтарының маңыздылығы төңірегінде ақпараттық түсінік жұмыстары жүргізілді.

Сонымен қатар мектебімізде «Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты» КеАҚ Ғылыми-әдістемелік Кеңесінің 2023жылғы 15 тамыздағы №4 хаттамасына сәйкес, «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында жалпы білім беретін мектептерде ата-аналармен жұмысты жүйелі ұйымдастыру мақсатында «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығы құрылды. Аталған орталық жанынан 2023-2024 оқу жылындағы балаларды тәрбиелеу мен дамыту жөніндегі ата-аналарға педагогикалық қолдау бойынша «Даналық» мектебі клубы құрылып, жоспары жасақталды. «Даналық» мектебінің жетекшілігіне Т.М. Мейрман бекітілді.

Мектеп директорының бұйрығымен «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығының жетекшілігіне мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Т.М. Мейрманға

бекітілді. Бағдарламаның жүзеге асырылуы мектеп психологы А. Е. Құлбарақова және 1-11 сынып жетекшілеріне жүктелді.

«Мектеп парламенті» өзін-өзі басқару ұйымы, «Жас Ұлан» ұйымы, «Раушан» қыздар ұйымы, мектеп психологы, мектеп медбикесі, мектеп кітапханашысы, мектепшілік әскери –патриоттық тәрбиенің жоспарлары құрылып, бекітіліп, жетекшілері жұмыстарын жүргізуде.

Мектебімізде 2023-2024 оқу жылы бойынша жоспарлы түрде жұмыстар жүргізілуде. Биылғы оқу жылы бойынша Байғанин аудандық ІІ бөлімінде есепке тіркелген, өгей ата-анамен тұратын, ата-ана қамқорлығынсыз қалған, мектепшілік есепке алынған, діни бағытта жүрген білім алушылар тіркелген жоқ.

Сәтсіз жанұя санатына 2 отбасы тіркеліп, 5 оқушымен жыл бойы жұмыстар жүргізілді.

Құқықтық тәрбиеге байланысты «құқық бұзушылықты болдырмаудың алдын-алу» барысындағы іс-шаралар жоспары және «Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес және оның алдын-алу» мақсатында жүргізілетін жұмыс жоспары құрылып, бекітілді. Сонымен қатар құқықтық тәрбие аясында жүргізілетін бірлескен (МДТІЖО, әлеуметтік педагог, психолог, медбике) кешенді алдын-алу жұмыс жоспары және 29.12.2015 жылғы ҚР ІІМ №1098 бұйрығымен ІІО-ның кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі учаскелік полиция инспекторларының қызметін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы ережеге сәйкес С.Ешбаев атындағы орта мектебімен 2023-2024 оқу жылына арналған бірлескен жұмыс жоспары бекітілді.

Сондай-ақ «кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын-алу» мақсатында ата-аналар мен мектеп мұғалімдерінен құралған оперативтік топ мүшелерінің 2023-2024 оқу жылына арналған 21:00-00:00 уақыт аралығында түнгі кезекшілік кестесі құрылып, жұмыс жүргізілді.

2023-2024 оқу жылы бойынша Тәрбие жұмысының іс-шаралар барысы «Еңбегі адал жас өрен» жобасы негізінде «Мектеп – мейірім мекені» тақырыбындағы салтанатты жиыннан және «Сәлем, жаңа оқу жылы», «Мектеп – мейірсандық мекені» бірыңғай тәрбие сағаттарынан бастау алды.

Тәрбие бағытында бірлескен жұмыс негізінде «Мектептегі мінез-құлық ережелері» (мектептің ішкі тәртіп ережелерімен) білім алушылар, педагогтар таныстырылды.

«Еңбегі адал жас өрен» жобасы негізінде «Еңбек күнін» мерекелеу бойынша «Менің жетістігім – менің нәтижем» «Адамды адам еткен-Еңбек» тақырыбында іс-шаралар ұйымдастырылды.

“Төрт тоқсан - төрт өнер” ұлттық мәдени-ағартушылық жобасының іс-шаралар концепциясы негізінде І тоқсанда республика күні мерекесіне арналған “Ақындар айтысы” шарасы ұйымдастырылды. Мақсаты, ұлттық рух пен патриотизмді, өз халқына және оның дәстүрлеріне құрмет сезімін тәрбиелеу, эмоционалды интеллекті қалыптастыру, айтысты қазақ халқының ұлттық құндылығы, шешендік өнердің баға жетпес мұрасы ретінде дәріптеу арқылы дарынды шығармашыл жастарды анықтау.

«Жас Ұлан» ұйымы жетекшісі А. Жұмақұлованың ұйымдастыруымен 5-қыркүйек – А.Байтұрсыновтың туған күніне байланысты «Ұлт мақтанышы» тақырыбында Қазақстан халқының тілдері күніне арналған және «Ғаламтор қауіпсіздігі» жобасы негізінде «Отбасы күніне» арналған іс-шаралар өткізілді.

«Қайырымды істер марафоны» акциясының іс-шаралар жоспары құрылып, өткізілді.

«Ата-аналар мектебі» жобасы негізінде қыркүйек айында «Баланың бас ұстазы ата-ана» тақырыбында мектепшілік жалпы ата-аналар жиналысы өтті.

Тәрбие бағытында бірлескен жұмыс негізінде мұғалімдер күніне арналған «Дублёр күні» мектеп парламенті құрамындағы білім алушылардың қатысуымен жүзеге асырылды.

«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы негізінде ҚР Мемлекеттік Рәміздерін насихаттауға арналған іс-шаралар ай сайын жоспарлы түрде өткізілді.

2023-2024 оқу жылының I оқу тоқсаны бойынша тәрбие бағытында бірлескен жұмыс негізінде жолда жүру ережесі 10 күндігі аясында, «Абайлаңыз, балалар!» акциясы барысында қыркүйек айында 8-11 сынып оқушыларына «Бағдаршам» тақырыбында ауылдық учаскелік полиция инспекторы Н.Байжазықпен кездесу өткізіліп, оқушыларға ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Тәрбие бағытында бірлескен жұмыс негізінде 9-11 класс оқушылары аралығында «Мектеп оқушылары арасында бопсалаушылық, күш көрсету, құқық бұзушылықтың алдын –алу» тақырыбында түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Жұмыс барысында мектептің ішкі тәртіп ережелерімен таныстырылып, құқық бұзушылықтың алдын-алу туралы түсіндіріліп, кеңестер берілді.

8-11 сынып оқушылары аралығында, оқушылардың құқықтық мәдениеттіліктерін арттыру, жат әдеттерден аулақ болуға тәрбиелеу мақсатында, ауылдық учаскелік полиция инспекторы Байжазық Нұрмағанетпен және мектеп медбикесі Г.Абдуллинаның қатысуымен, «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын-алу» тақырыбында ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Мектеп ұстаздары мен кіші қызметкерлер арасында УПИ Т. Н. Ебжасаров «Сақтаныңыз ,алаяқтар!» тақырыбында ақпараттық түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, бейне көрсетілімдер ұсынып, жадынамалар таратты..

«Нашақорлықтың алдын-алу» бойынша іс-шаралар жоспарына сәйкес 5-7 класс оқушылары аралығында, медбике Дауылбаева Гүлнұр «Есірткіге тәуелділіктің салдары» туралы түсінік жұмыстары жүргізілді.

Мектеп психологы А. Е. Құлбарақованың ұйымдастыруымен 8-10 класс ата-аналарына «Есірткінің зияны мен зардабы» тақырыбында психологиялық кеңес сабағы өткізілді.

«Нашақорлықтың алдын-алу» бойынша іс-шаралар жоспарына сәйкес 8-10 класс оқушылары аралығында, мектеп медбикесі Г. Дауылбаева «Есірткісіз әлем» тақырыбында дәріс сабағы жүргізілді. Мақсаты: есірткі қылмысына қарсы іс-қимылды жүргізу және жастар арасында синтетикалық есірткілердің таралуының, пайдаланудың алдын-алу.

5-11 класс оқушылары аралығында мектеп психологының ұйымдастыруымен жасөспірімдер арасындағы қорлау, мазақтау, намысқа тию жағдайларының алдын-алу және сынып ұжымын сыйластыққа, бір-біріне қолдау көрсете білуге тәрбиелеу мақсатында «Кибербуллинг, Буллинг» туралы ақпараттық түсінік жұмыстары жүргізілді.

2023-2024 оқу жылының жалпы ата-аналар жиналысының күн тәртібінде «Нашақорлық қауіпті індет» тақырыбында дәріс оқылып, түсінік жұмыстары жүргізілді.

Жас ұрпаққа адам денсаулығының қымбаттылығын, денені шыңдауға, шымыр да шапшаң, ұқыпты болуға тәрбиелеу мақсатында, «Нашақорлықтың алдын-алу» бойынша іс-шаралар жоспарына сәйкес 9 класс оқушыларына «Біз салауатты өмір сүреміз» тақырыбында түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Баршақұм орта мектебінде 2023-2024 оқу жылының Іоқу тоқсаны бойынша жасөспірімдерге есірткі – бүкіл ағзаны құртатын у екенін ұғындыру, тәуелділіктің пайда болуын түсіндіру, салауатты өмір салтын сақтай білуге тәрбиелеу мақсатында, 8-11 сынып оқушылары аралығында «Синтетикалық есірткі» тақырыбында дәріс сабағы жүргізілді. Оқушыларға бейне көрсетілім ұсынылып, есірткінің зардабы туралы түсіндірілді.

Мектеп медбикесі ұстаздар мен оқушылардың сабаққа келген уақытында денсаулық жағдайларын күнделікті бақылап, тазалықтары үнемі тексеріліп отырады.

Мектеп психологы әрдайым оқушылармен тығыз байланыста болып, әртүрлі сауалнамалар, тренингтер өткізіп, оқушының күнделікті көңіл-күйін қадағалайды.

Оқушылардың күнделікті сабаққа қатысымдарын класс жетекшілер, кезекшілер тексеріп, журналды толтырып отыр және сабақтан себепсіз қалып жатқан оқушы жоқ.

«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы негізінде 25қазан – Республика күніне арналған іс-шаралар жоғары деңгейде аталып өтті.

«Ұлттық меткеп лигасы» жобасы аясында Республикалық "Алтын сақа" челленджі ІІ оқу тоқсанында 17 қараша күні мектебімізде ұлттық ойындар "Бес тас", "Асық ату" ойындары ұйымдастырылды. Мақсаты қазақ халқының бұл ұлттық ойындары оқушыларға тарихи-мәдени мұрасын құрметтеуді қалыптастыру, батылдыққа, төзімділікке тәрбиелеу, ептілікті, қырағылықты және дәлдікті дамыту.

Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығының жоспары негізінде «Қыз тәрбиесі – ұлт тәрбиесі» тақырыбында «Раушан» қыздар ұйымының іс-шаралары жүргізілді.

«Ғаламтор қауіпсіздігі» жобасы негізінде «Қауіпсіз терезелер» республикалық ақпараттық науқаны аясында іс-шаралары өткізілді.

Оқушылардың күзгі демалысын тиімді ұйымдастыру бойынша жоспарлы жұмыстар жүргізілді.

«Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты» КеАҚ Ғылыми-әдістемелік Кеңесінің 2023жылғы 15 тамыздағы №4 хаттамасына сәйкес, «Біртұтас тәрбие бағадарламасы» аясында жалпы білім беретін мектептерде ата-аналармен жұмысты жүйелі ұйымдастыру мақсатында «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығы бұрышы ұйымдастырылды. «Адал ұрпақ» жобасы аясында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды жүзеге асыру жөніндегі 2023 жылға арналған жоспарына сай «Жемқорлықсыз ел-гүлденген ел» тақырыбында Ө. Садуова 9-11класс оқушыларына таным сағатын өткізіп, мектеп тәлімгері «Ар-ұждан адалдық белгісі» атты 5-7класс оқушылары аралығында бейнекөрсетілім ұсынып, ақпараттық түсіндірме жұмысын жүргізді. Әр ай сайын «Адалдық сағаттары» өткізілді.

Тәрбие бағытында бірлескен жұмыс бойынша «Қатыгездіксіз, зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» ақпараттық науқанының жоспарына сәйкес «Ұшқыр ой» дебат клубы жобасының ұйымдастыруымен «Қорлық пен зорлыққа қоғамда жол жоқ» тақырыбында пікірсайыс, «Мектеп парламенті» жобасы мүшелерінің ұйымдастыруымен «Бала құқығы – адам құқығы» тақырыбында эссе, 7 класс жетекшісі

«Қатыгездіксіз, зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» атты сынып сағатын, 5-6 класс жетекшілері «Зорлық-зомбылықсыз өмір» атты сынып сағатын, «Зорлық-зомбылыққа заң жол бермейді» тақырыбында УПИ Т.Ебжасаровтың қатысуымен 8-11класс оқушылары аралығында таным сағаты, 2класс жетекшісі «Отбасы және бала тәрбиесі» атты ата-аналар жиналысы, «Түнгі қаладағы балалар» рейд жұмысы жүргізілді.

«Жол қауіпсіздігі апталығы» кең ауқымды акциясы бойынша «Жас ұлан» ұйымы жетекшісінің ұйымдастыруымен «Сенің жолаушың бала» атты орта буын білім алушыларына ақпараттық түсіндірме жұмыстары, «жол полиция қызметкерлерімен кездесу» бойынша УПИ Тимур Ебжасаровтың қатысуымен 8-11класс оқушылары аралығында ақпараттық түсіндірме жұмыстары, МАДТ тобы жетекшісі «Жүргізушіге хат» акциясы, 10-11класс жетекшілер жолда жүру ережелеріне байланысты бейне көрсетілімдер ұсынып, мектеп психологы «Отбасындағы зорлық-зомбылық мәселесі» тақырыбында 6-8 класс оқушылары аралығында сауалнама алынып, 1-4класс оқушылары аралығында «Жаяу жүргінші – назар аудар» тақырыбында плакаттар байқауы өткізіліп, жұмыстар жүргізілді.

«Ата-аналар мектебі» жобасы аясында «Раушан» қыз балалар ұйымы жетекшісінің ұйымдастыруымен «Алтын» алқа орденімен марапатталған көп балалы ана Амантурлина Гүлмираның қатысуымен «Қызым, саған айтамын!» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасын» жүзеге асыру мақсатында бастауыш класс ата-аналарына «отбасы және бала тәрбиесі» тақырыбында ата-аналар жиналысы өткізілді.

«Дүниежүзілік балаларды қорғау күніне» орай «Түнгі қаладағы балалар» атты түнгі кезекшілік, 5-9класс оқушылары аралығында «Бала құқығы – асыл қазына» атты эссе жұмысы жаздыртылып, 5-6 класс оқушылары аралығында «Менің құқықтарым» тақырыбында викториналық сайыс сабақ, «Тегін білген текті елдің ұрпағымыз» атты этно-ұлттық шебер класс, 1-4класс оқушылары аралығында «Ұлттық мектеп лигасы» жобасы аясында «Мен бақытты баламын» отбасылық спорттық жарыс ұйымдастырылып, жүргізілді.

«Даналық мектебі» клубының іс-шаралар жоспарына сай бастауыш сынып оқушыларының ата-аналарын педагогикалық қолдау мақсатында «Әрбір бала – жарық жұлдыз», «Әр баланың ерекшелігін қалай ашамыз?» тақырыбында психологиялық сауалнама алынып, «Бала – отбасы айнасы» тақырыбында ата-аналармен психологиялық кеңес сабағы жүргізілді. Сонымен қатар «Жасөспірімдермен қарым-қатынас құпиялары» атты 9-класс оқушыларына психологиялық кеңестер беріп, түсіндірме жұмысы жүргізілді. 10-11класс оқушылары аралығында «Мамандықтар сөйлейді» атты дөңгелек үстел өткізді. Сондай-ақ «Жеті атасын білген ұл, жеті жұрттың қамын жер» атты 5-7 класс оқушылары арасында дөңгелек үстел, 9-10класс оқушылары аралығында «Әжелер сөзі – ақылдың көзі» атты дөңгелек үстел, 9-11сынып ер балалары аралығында «Ағасы бардың жағасы бар» атты даналық сағаты, 8-11класс қыз балалары аралығында «Қызым мөлдір бұлағым, ана жасыл құрағым» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында жасақталған бұрышқа жаңа әдеби кітаптар, көркем шығармалар, шағын мысал жинақтары, балалар әдебиеттері қойылды.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру жағдайындағы, ҚР Мемлекеттік рәміздерін қастерлеуге арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес «Мемлекеттік рәміздер – ұлттық мақтаныш» тақырыбында 1-11класстар аралығында сынып сағаттары, таным сағаты, кітап көрмесі өткізілді.

Тәрбие бағытында бірлескен жұмыс негізінде «Дүниежүзілік ЖИТС-ке қарсы күрес» күні аясында 9-11класс оқушылары аралығында мектеп медбикесінің түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, сурет көрмесі өтті.

«Раушан» қыз балалар ұйымының жоспарына сай «Қыз тәрбиесі – ұлт болашағы» тақырыбында 5-7 класс қыз балалары аралығында жиналыс өткізіліп, қыз балаларға кеңестер беріліп, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

9-желтоқсан халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес күніне орай «ЖасҰлан» ұйымы жетекшісінің ұйымдастыруымен «Адалдық – адамдықтың белгісі» тақырыбында 9-класс оқушылары арасында челлендж өтті және мектеп психологы «Сенім кілті – адалдық» атты жоғары сынып оқушылары арасында анонимді сауалнама жүргізді.

«Балалар және театр» жобасы негізінде 16-желтоқсан Тәуелсіздік күніне орай 1-класс жетекшісі білім алушыларына «Тәуелсіздік таңы атты», 2-класс жетекшісі «Тәуелсіздік – тұғырым», 3-класс жетекшісі «Тәуелсіз Қазақстаным», 4-класс жетекшісі «Тәуелсіздік», 5-класс жетекшісі «Тәуелсіздік туы желбірейді», 6-класс жетекшісі «Тәуелсіздікке 32жыл» тақырыптарында сынып сағаттарын өткізді.

«Жаңа жыл» мерекесіне орай МАД тобы мен Шағын орталық тәрбиеленушілері, бастауыш буын, орта буын, жоғары буын білім алушылары кесте бойынша іс-шара өткізілді. Сонымен қатар барлық білім алушыларға пиротехникалық ойыншықтар, шартылдақтардың балаларға арналған ойыншықтар емес екені туралы ақпараттық түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

II оқу тоқсаны бойынша «Ата-аналар мектебі» жобасы негізінде мектепшілік жалпы ата-аналар жиналысы өтті.

«Жаңа жыл» мерекесіне орай мектеп ғимаратын төтенше жағдайлардың алдын-алу және кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын-алу мақсатында мектеп мұғалімдерінен құралған кезекшілік кестесі құрылып, өткізілді.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы іске асыру мақсатында оқушылардың демалысын тиімді ұйымдастыру негізінде «Қыста кітап оқимыз, жадымызға тоқимыз» атты іс-шаралар жоспары құрылып, білім алушыларға кітаптар тізбесі ұсынылды.

III оқу тоқсаны «Студенттік өмір – игі өмірдің бастауы» тақырыбында мектебіміздің түлеп ұшқан студенттерімен кездесу кешінен бастау алып, «ЖасҰлан» ұйымының ұйымдастыруымен өткізілді.

«Адал ұрпақ» жобасы аясында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды жүзеге асыру жөніндегі 2024жылға арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес педагогтар арасында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жүргізу», «Алаяқтықтың алдын-алу», «Асыл қасиет – адалдық, асыл қасиет – адамдық», «Желі алаяқтарынан сақтанудың жолдары», «Сыбайлас жемқорлық індет – оны жою міндет», «Алаяқтық – алдап соғушылық», «Адалдық сыбайластыққа жол бермейді» және оқушылар арасында «Сыбайлас жемқорлықсыз қоғам», «Желі алаяқтарынан сақтанайық», «Абайлаңыз, интернет-алаяқтық», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес қағидалары», «Алаяқтықтың алдын-алу және оған қарсы күрес», «Сыбайлас жемқорлықсыз болашақ», «Алаяқтық фактілерінің алдын-алу», «Адал ұрпақ – жарқын болашақ», ата-аналар арасында «Сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу», «Сыбайлас жемқорлықсыз әлем», «сыбайлас жемқорлықпен күресу баршамыздың міндетіміз», «Алаяқтықты қалай ажыратамыз?» тақырыптарында

ақпараттық түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар «Шынайы және сатылмайтын еңбек» атты адалдық дүкені ұйымдастырылды.

17 қаңтар мен -17ақпан аралығында «ДОСБОЛЛИКЕ: ДОСТЫҚ ҚОЛЫН ҰСЫН» акциясының іс-шаралар жоспарына сәйкес «Шығармашылық ынтымақтастық», «Кіші зияткерлік академия», «Спорттағы достық», «Шеберлер қаласы», «Көтеріңкі көңіл-күй», «Еріктілер» тақырыптарында іс-шаралар жүргізілді.

12ақпан -16ақпан аралығында «Заңды білу – заман талабы» атты құқық апталығының іс-шаралар жоспары құрылып, «Жасөспірім – Заң – Қауіпсіздік», «Зорлық-зомбылыққа қарсымыз», «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылық қылмыстарының алдын-алу», «Заңды білу – заман талабы» тақырыптарында апталық жұмысы жүргізілді.

«Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының» «Даналық мектебі» жоспарына сәйкес «Ер жігітке жарасар салауатты бейнесі», «Бабалар дәстүрі ұрпаққа өсиет», «Әжемнің ертегісін тыңдаймын», «Жақсыдан қашпа, жаманға баспа», «Қыздар білуі тиіс...», «Қызым саған айтам...», «Әкені көріп ұл өсер, шешені көріп қыз өсер» атты тақырыптарында өтті.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің білім беру ұйымдарында өткізілетін “Тоғыз айға 9 іс-шара” тұжырымдамасы білім алушылардың ұлттық құндылықтарын қалыптастыру шеңберінде ай сайынға іс-шараларды өткізуге бірыңғай көзқарасты қамтамасыз етуге бағытталған. Іс-шаралардың тақырыптары, ережелері, мазмұны бірыңғай тәсілдеме арқылы жүзеге асырылады.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында **«Тоғыз айға – 9 шара» жобасы негізінде**қыркүйек айында «Сергіту сәті», 20 қазан күні «Әнұран айту», 17 қараша күні«Асық ату», 20 желтоқсан күні «Шығарма жазу: болашаққа хат», 26 қаңтар күні «Қазақ есебі», 28ақпан күні «Оқуға құштар мектеп», 20 наурыз күні «Күй күмбірі домбырашылар», 18сәуір күні «Шахмат ойнау», 6 мамыр күні «Жасыл мекен» челленджері ата-аналар, ұстаздар, білім алушылар арасында жоғары көлемде ұйымдастырылып өткізілді.

«Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында «Қоғамға қызмет» волонтерлық клубының іс-шаралар жоспары негізінде «Қарттарым – асыл қазынам» атты жалғыз басты зейнеткер қарттарға қол көмек көрсету бойынша ауылымыздың зейнеткер бір отбасына еріктілер тобы барып, аула ішін қардан тазалау және қатты отынын жинақтау жұмыстарына қол көмектерін берді.

Кәсіптік бағдар жоспарына сәйкес «Еңбек ерлікке бастайды» атты еңбек ардагерімен және зейнеткер ұстазбен кездесу өткізілді. Сондай-ақ 9-11 сынып оқушылары аралығында және ата-аналарына «мамандық таңдау – өміріңіздің бір кірпішін дұрыс қалау» тақырыбында «Байғанин техникалық колледжінің» ұстаздарының қатысуымен ақпараттық түсінік жұмысы жүргізілді.

«Ұшқыр ой» дебат клубының жетекшісі А. Жұмақұлованың жетекшілігімен «Мемлекеттік рәміздердің мәртебесі», «Салауатты ұрпақ – сау ұрпақ», «Ұлтымыз Ұлыстың Ұлы күнін ұлықтайды тақырыптарында пікірсайыстар өткізді.

«1-наурыз – Алғыс айту күніне» арналған іс-шаралар жоспары құрылып, «Тариз ғибраты» атты онкүндік, «Алғыс айту – парызың...», «Алтын жүрек», «Алғысым шексіз сіздерге...», «Арамыздағы

қаһармандар», «Алғыстың шегі жоқ», «Ұстазыма мың алғыс!», «Алғыс айту парызым» тақырыптарында шаралар өтті.

«Ата-аналар мектебі» жобасы негізінде «8-наурыз – халықаралық әйелдер күні» мерекесіне арналған іс-шаралар жоспарына сай «Анамен әсем – бар әлем» балалар концерті, «Әлем арулармен әсем» челленджі, «Сен үшін ананың орны қандай?» сұхбат, «Әже мен немере» өнеге сағаты, «Өмір сыйлаған ана» сурет көрмесі, «Әлемнің жарығын сыйладың сен маған...» мерекелік шара өткізілді.

«Балалар және театр» жобасы аясында «22-наурыз – Наурыз мерекесіне» арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес «Амал келді, жыл келді» атты тәрбие сағаттары, «Ұлттық киім – ұрпаққа мұра» ұлттық киім шеруі, «Ұлтымыз Ұлыстың Ұлы күнін ұлықтайды» пікірсайыс, «Бабаларымыздан қалған асыл қазына» ұлттық ойындар, «Наурыз дастархан» азық-түлік корзинасы, «Наурыз кеші» танымдық кеш, «Ұлттық өнер» қолөнер көрмесі, «Қош келдің, әз Наурыз!» мерекелік шара өткізілді.

Тәрбие бағытында бірлескен жұмыс негізінде «Құқық бұзушылықты болдырмаудың алдын-алу» барысындағы іс-шаралар жоспарына сай «Заңды білу – заман талабы» атты құқық апталығы аясында «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылық қылмыстарының алдын-алу» тақырыбында жоғары сынып ата-аналары жиналысы, «Түнгі қаладағы балалар» рейд жұмысы және Ақтөбе облысының білім басқармасының 2024жылғы 29қаңтардағы №01-14/298 санды хатына сәйкес Синтетикалық есірткінің және нашақорлықтың алдын-алу бойынша жоғары сынып оқушылары аралығында және ата-аналар арасында «Вейп – денсаулыққа өте қауіпті!» тақырыбында презентация, бейне көрсетілімдер ұсынылып, ақпараттық-түсінік жұмыстары жүргізілді.

Сонымен қатар оқушылардың көктемгі демалыстарын тиімді пайдалану мақсатында жоспар құрылып, жұмыстар жүргізілді.

«Қауіпсіз жол!» акциясы барысында бастауыш буын оқушыларына «Жолда жүру ережелерін білесің бе?» тақырыбында ауылдық учаскелік полиция инспекторы Байжазық Нұрмағанбетпен кездесу өткізіліп, оқушыларға ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Ақтөбе облысының білім басқармасының 29.02.2024жылғы №01-14/611 санды хатына сәйкес жол көлік оқиғаларының алдын-алу және жол қозғалысы ережелерін сақтау мақсатында учаскелік полиция инспекторы Байжазық Нұрмағанбеттің қатысуымен жоғары сынып оқушылары арасында «Қауіпсіздік – басты міндет», орта буын оқушылары арасында «Жол қауіпсіздігін сақтаймыз», бастауыш буын оқушылары арасында «Бала және бағдаршам» тақырыптарында сынып сағаттары өткізілді.

«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы негізінде ҚР Мемлекеттік Рәміздерін қастерлеп құрметтеуге тәрбиелеу бағыты бойынша атқарылатын іс-шаралар жоспарына сәйкес «Мемлекеттік рәміздердің мәртебесі» тақырыбында пікірсайыс, «Мемлекеттік рәміздер – тәуелсіздігіміздің нышаны» атты эссе жазу жұмысы, «Мемлекеттік рәміздер – ел егемендігі мен тәуелсіздігі» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді.

«Төрт тоқсан - төрт өнер» жобасы аясында III оқу тоқсанында **«Ұлттық өнер» көрмесі өтті. Мақсаты:** Балалар мен жасөспірімдердің шығармашылық әлеуетін ашу, мәдениет пен өнер арқылы әдемі әлемге баулу, ел тарихына маңыздылығы мен қатыстылығын арттыру, отансүйгіштікке және туған өлкеге деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу, мәдени мұраны сақтау.

Мектеп оқушыларының көктемгі демалыс кезіндегі іс-шаралар жоспарына орай «Құқықтық сауаттылық пен құқықтық мәдениетті қалыптастыру» тақырыбында 5-6 сынып оқушылары аралығында

таным сағаты өткізіліп, «Үміт сәулесі» тақырыбында қайырымдылық акциясы ұйымдастырылып, мектебіміздің әлеуметтік жағдайына байланысты аз қамтылған отбасы санатындағы 3 оқушыға 4 оқу тоқсанына дайындықтарын арттыру мақсатында оқу құралдарынан көмек берілді.

Оқушылардың көктемгі демалысын тиімді ұйымдастыру бойынша жоспар құрылып, жұмыстар жүргізілді.

Ақтөбе облыстық білім басқармасының 27.03.2024 жылғы №01-14/905 санды хатына сәйкес қыз бала тәрбиесі мен ерте жүктіліктің алдын-алу мақсатында «Қыз бала тәрбиесі және ерте жүктіліктің алдын-алу» тақырыбында мектеп медбикесі мен Жаңатаң дәрігерлік амбулаториясының медбикесі Әбілқайыр Айгүлдің қатысуымен 8-11 сынып қыз балалары аралығында тәрбие сағаты өтті.

Ақтөбе облыстық білім басқармасының 27.03.2024 жылғы №01-14/906 санды хатына сәйкес мемлекет басшысының 2024 жылғы 12 ақпандағы №24-845 тапсырмасы негізінде Жошы ұлысының 800 жылдығына арналған 5-сынып оқушылары аралығында тарих пәні мұғалімі Ж. Кенжегүл мен Ебесов Медеттің жетекшілігімен «Жошы ұлысына 800 жыл» атты тәрбие сағаты өткізілді.

Тәрбие бағытында бірлескен жұмыс негізінде білім алушылардың жыныстық тәрбие бойынша онкүндік шара жоспарына сай жоғары сынып жетекшілері Г. Көшімова мен А. Кулбаеваның ұйымдастыруымен «Ұлттық дәстүрлер арқылы оқу-тәрбие процесінде адамның рухани мәдениетін қалыптастыру» тақырыбында 10-11 сынып оқушылары арасында тәрбие сағаты, мектеп медбикесі Г. Дауылбаеваның ұйымдастыруымен «Кәмелеттік жасқа жетпей жыныстық қатынасқа түсудің қаупі мен зардаптары» тақырыбында 8-11 сынып қыз балалары аралығында дәріс сабағы, «Раушан» қыз балалар ұйымының жетекшісі Г. Көшімованың жетекшілігімен «Ерте жүктіліктің қауіп-қатері» тақырыбында ұйым отырыс өткізіліп, кеңестер берілді. Сонымен қатар «Қайсар» ер балалар мектебі клубының жетекшісі А. Тілегеннің ұйымдастыруымен «Құқықтық жауапкершілік», «Жыныстық тәрбие», «Әлеуметтік желідегі қауіпсіздік», «Рухани адамгершілік тәрбиесі» тақырыптарында АӘД жетекшісі Ж. Нұрниязовтың және кәсіподақ ұйымы жетекшісі Ө.С. адуованың қатысуымен 8-11 сынып ер балалар аралығында ақпараттық түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Сондай-ақ мектеп психологы Т.М. Мейрманның ұйымдастыруымен орта буын қыз балалары аралығында «Өмірлік қолдау» тақырыбында тұлғалық дамуға арналған түсіндірме жұмысы және «Қыз қылығымен сүйкімді» атты қыз балаларға арналған психологиялық тренингі өткізілді.

«Ата-аналар мектебі» жобасы негізінде орта буын ата-аналарына «Психологиялық қауіпсіздік» атты психологиялық-педагогикалық көмек және қолдау көрсету мақсатында түсіндірме жұмысы жүргізілді. «Балам үйде – қылығы түзде...» тақырыбында 9-сынып жетекшісі Ж. Сыраждың жетекшілігімен ата-аналарға дөңгелек үстел өткізілді.

Елімізде болып жатқан төтенше жағдайға байланысты, оқушылардың өмір қауіпсіздіктерін сақтаудың алдын-алу мақсатында бастауыш, орта, жоғары буын білім алушыларына «Су тасқыны» тақырыбында ақпараттық түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Мектебімізде 4 сәуір күні «Төтенше жағдай кезіндегі эвакуациялық жаттығуды дайындау және өткізу» жоспарына орай «Оқытушы құрамның және оқушылардың өрт кезіндегі іс-әрекеттері» тақырыбында өрт жағдайындағы эвакуациялық жаттығу басшылық, оқытушы құрам, оқушылардың қатысуымен өтті.

«Адал ұрпақ» жобасы аясында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды жүзеге асыру жөніндегі 2024 жылға арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес мектеп директорының Қ. Тажибаевтың

жетекшілігімен бастауыш буын, орта буын ата-аналарына заңсыз қаражат жинамау туралы «Жемқорлыққа жол берме» атты ақпараттық түсіндіру жұмысы жүргізіліп, қазіргі уақыттағы «алаяқтық фактілерінің алдын-алу» бойынша кеңестер берілді. Сонымен қатар жоғары сынып оқушылары арасында адамгершілік қасиеттерін арттыру мақсатында «Азаматтық белсенділігіңді арттыр» тақырыбында сыбайлас жемқорлық туралы және «Алаяқтық әрекеттерден сақтану» атты алаяқтардан сақ болу туралы түсінік жұмыстарын жүргізді. 9-сынып оқушыларына «Адалдық және сыпайылық – шынайы адам келбеті» және «Алаяқтар қалай алдайды» тақырыптарында ақпараттық түсінік жұмыстары жүргізілді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша 2023-2024 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жылдық жоспарына сай, мектеп аумағын көгалдандыру, абаттандыру негізінде «Табиғат тамашалары» тақырыбында ерікті сенбіліктер ұйымдастырылды.

«Мектеп парламентінің» жоспарына сәйкес «Көтеріңкі көңіл күй» атты көңілді қоңырау шарасы өткізілді.

«Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес және оның алдын-алу» мақсатында жүргізілетін жұмыс жоспарына сәйкес «Тұлғаның өзін-өзі қалыптастыру» тақырыбында түсінік жұмысы жүргізіліп, «Мен – жеке тұлғамын» атты тренинг өтті.

2023-2024 оқу жылына арналған «Ақпараттық түсіндіру тобының» іс-шаралар жоспарына сәйкес «Діни тәрбиеге көзқарас» атты 9-сынып оқушыларына мектеп медбикесі Г.Абдуллинаның жетекшілігімен түсінік жұмыстары жүргізілді.

Нашақорлықтың алдын-алу іс-шаралар жоспарына сай «Жастар есірткіге қарсы» тақырыбында 9-11 сынып оқушылары аралығында дөңгелек үстел және «Есірткі мен психотроптық заттарды тұтыну қаупі мен салдары» тақырыбында дәріс сабағы мектеп медбикесі Г.Дауылбаеваның жетекшілігімен өткізілді.

Мектебімізде балаларды тәрбиелеу мен дамыту жөніндегі ата-аналарды педагогикалық қолдау бойынша «Даналық мектебі» клубының іс-шаралар жоспарына сай 4-сынып жетекшісі А. Сәбидің ұйымдастыруымен «Құмар ойындары – тәуелділік қақпаны» тақырыбында бастауыш оқушыларына бейне дәріс сабағын өткізді.

Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығы Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығының 17.04.2024жылғы №01-06/0072 хатына сәйкес, 19 сәуір күні жазғы Олимпиада ойындарына және Олимпиада жеңімпаздарына арналған, дене шынықтыру пәні мұғалімдерінің ұйымдастыруымен «Қазақстандық спортшыларға сәттілік» тақырыбында 3-7 сынып оқушылары аралығында ашық сабақтар өткізілді.

Байғанин аудандық әкімдігі 2024жылдың 02сәуір күні №96 хаты негізінде Байғанин ауданының елді мекендерін санитарлық тазалау, абаттандыру және көгалдандыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына сай мектеп ұстаздары мен кіші қызметкерлер ерікті түрде мектептің сыртқы алаңдарына сенбілік жұмыстарын жүргізді.

Байғанин ауданының төтенше жағдайлар бөлімінің 2024жылғы 19сәуірдегі №21-04-22-5/91-И санды қатына сәйкес 1-11сыныптар аралығында «Суда шомылу ережелері мен қауіпсіздік шаралары туралы нұсқаулығы» таныстырылып, бейне көрсетілімдер ұсынылды.

Ақтөбе облысының санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің тапсырмасына сай мектеп медбикесі Г.Дауылбаева 5- 8сынып оқушыларына «Жұқпалы аурулар» тақырыбында түсіндірме жұмысын жүргізді.

«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы негізінде 1 мамырға орай ұйымдастырылған іс-шаралар жоспары негізінде бастауыш буын оқушыларының қатысуымен «Құстарға ұя сыйла» атты экологиялық акция өтті, 1-4сыныптар оқушыларына «Қазақстан – біздің сүйікті, ортақ Отанымыз» тақырыбында диктант, 5-11сынып оқушылары аралығында эссе жұмысы жаздырылды, 5сыныпқа «Бір шаңырақ аясында» тақырыбында бірлік сабағы өтті.

«Тоғыз айға – 9шара» жобасы негізінде 6 мамыр күні «Таза Қазақстан» экологиялық акциясын қолдау мақсатында «Түлектердің ағаш егу» республикалық челленджі өткізіліп, 9,11 сынып түлектері мектеп ауласына 10 түп ағаш отырғызды.

«Еңбегі адал жас өрен» жобасы негізінде 7 мамыр Отан қорғаушылар күніне орай «Отан оттан да ыстық» тақырыбында АӘД жетекшісі Ж. Нұрғиязовтың орта буын білім алушыларымен кездесу сағаты, «Ерлік сабағы» әскери-патриоттық оқу дала жиыны 10-11 сыныптар арасында, 9-11сынып оқушылары арасында «Ерлікке-тағзым» атты тәрбие сағаты, 5-11 сыныптар арасында «Мен, өз елімнің патриотымын» атты патриоттық әндер байқауы ұйымдастырылып өткізілді.

«Балалар және театр» жобасы негізінде 9 мамыр жеңіс күніне орай 5сынып оқушыларына «Ерен ерліктері есімізде» атты батыр аталарымызды ұлықтау сабағы, «Бабаларға ұрпағынан хат» тақырыбында эссе жұмысы жаздыртылып, «Жеңіс хаты» акциясы, «Ардагерім – ардағым» акциясы, «Желбірей бер, Жеңіс туы, мәңгілік» атты бейне құттықтау шаралары өтті.

«Ата-аналар мектебі» жобасы негізінде 12 мамыр «Аналар күні» мерекесіне орай «Менің анам-Ең сұлу адам» тақырыбында шығарма байқауы өтті.

15 мамыр «Халықаралық Отбасы күні» мерекесіне орай «Менің отбасым» сурет көрмесі, таным сағаты өтті.

«Төрт тоқсан - төрт өнер» жобасы аясында ІҮ оқу тоқсанында **«Туған өлкем» фестивалі ұйымдастырылды. Мақсаты:** Оқушылардың белсенді азаматтық ұстанымын дамыту, отансүйгіштік пен азаматтық сезімін тәрбиелеу, салауатты өмір салтын насихаттау, туған өлкені зерделеу арқылы туристік-өлкетену қызметін жандандыру.

Атақты ғалым Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың 125 жылдық мерейтойына орай «Адам өміріндегі ғылым» тақырыбында 2-11сыныптар арасында диктант жаздыртылды.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Өзің оқы, өзгеге ұсын» атты букроссингке 7 сыныптан, Рысбай Айғаным мен Базарбай Інжу қатыстырылды.

«Даналық мектебі» клубы жоспарына сай «Сырласайық жеңеше...», «Әже ұрпақтың жүрегі», «Ағалар ізімен...» атты даналық сағаттары өткізілді.

Ата-аналарды педагогикалық қолдау бойынша «Отбасылық құндылықтар» тақырыбында ата-аналар арасында шеберлік сағаты өтті.

23 мамыр күні әр сыныпта «С.Нұрмағамбетов – халық үшін туылған батыр» тақырыбында бірыңғай сынып сағаттары өткізілді.

24 мамыр күні 2023-2024 оқу жылының аяқталуына орай 1-10 сыныптар арасында «Білімім Отаныма» атты жалпы республикалық бірыңғай сынып сағаттары өтті. 9,11 сынып түлектері «Мен. Мектеп. Ұстаз» тақырыбында эссе жазды. Сынып сағаттары ҚР Ұнұранымен басталып, ҚР Оқу-ағарту министрінің жалпы республикалық білім алушыларға арнаған бейне құттықтауы ұсынылып, сынып жетекшілерінің оқушылардың жыл бойғы жеткен жетістіктерінен бір минуттық бейнеролик әзірленіп көрсетілді.

«Ұлттық мектеп лигасы» жобасы аясында 1,4 сынып оқушылары бірыңғай сынып сағатынан кейін «Әлем балалар көзімен» атты асфальтта сурет салды және 8-11 сынып оқушылары «Көңілді марафон» атты спорттық сайыс өткізді.

2023-2024 оқу жылының аяқталуына орай 24-27 мамыр күндері аралығында, мектеп бітірушілердің қозғалысын бақылау және кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын-алу мақсатында түнгі кзекшілік кестесі құрылып, түнгі рейдтік жұмыстар жүргізілді.

25 мамыр күні мектеп түлектері үшін «Мектебім, саған мың алғыс!» тақырыбында салтанатты жиын өткізілді. Жиынға түлектердің ата-аналары, ұстаздар, ардагер ұстаз А. Ыбырайова мен зейнеткер Т. Жалмұқанов қатысты.

Ақтөбе облысының білім басқармасының 2024 жылғы 23 мамыры күнгі №01-14/1623 санды хатына сай бастауыш және орта буын оқушыларына «Сенің қуанышқа толы демалысың» атты гайдбуктер таратылып, сынып жетекшілері түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

«Халықаралық балаларды қорғау күні» аясында «Өркен» балалардың әл-ауқатын арттыру ұлттық ғылыми-практикалық институты коммерциялық емес акционерлік қоғамының «Балажан» науқаны негізінде «Бақытты балалық шақ» тақырыбында бастауыш буын ата-аналары арасында психологиялық тренинг, «Толағай» отбасылық спорттық жарысы және «Біз театр әлеміндеміз» атты театрландырылған қойылым көрсетілді.

Тәрбие бағыты негізінде бірлескен жұмыс неізінде «Ата-аналар мектебі» жобасы аясында 30 мамыр күні мектепішілік жалпы ата-аналар жиналысы өтті.

1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күнін мерекелеуге арналған «Алтын балалық шақ» декадасының іс-шаралар жоспары құрылып, жұмыстар жүргізілді.

«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы негізінде 4 маусым – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Рәміздер күні аясында жоспар бойынша іс-шаралар өткізілді.

«Құқықтық мәдениеті» жобасы аясында 1-12 маусым аралығындағы «Бала еңбегін қанауға қарсы 12 күн» ұлттық ақпараттық науқанының жоспары бойынша іс-шаралар жүргізілді.

16 маусым – «Әкелер» күніне арналған іс-шаралар жоспарына сай «Әке, саған мың алғыс!» алғыс айту челленджі, «Әкеден естіген, есті сөз» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылды.

Байғанин ауданының 2024 жылғы 3маусымдағы №04-1083санды хатына сәйкес «Нашақорлыққа және есірткінің заңсыз айналымына қарсы халықаралық күрес күніне орай 2024 жылғы маусымға арналған жоспарына сәйкес іс-шаралар өткізілді. 2024 – 2025 оқу жылындағы мектеп оқушылары туралы мәлімет.

МАД тобына 3 тәрбиеленуші, 1 сынып 7 оқушы, 2 сынып 6 оқушы, 3 сынып 5 оқушы, 4 сынып 4 оқушы, 5 сынып 7 оқушы, 6 сынып 5 оқушы, 7 сынып 3 оқушы, 8 сынып 5 оқушы, 9 сынып 5 оқушы, 10 сынып 5 оқушы, 11 сынып 2 оқушы. Барлығы-54 оқушымен оқу жылы басталды. 2024 – 2025 оқу жылында мектебіміздің 1 – 11 сынып оқушылары төмендегі аталған үйірмелерге қатынасады. Мектепішілік (ақылы): «Қазақша күрес» үйірмесі – 16 оқушы,. Ақысыз: Пәндік үйірмелер бойынша да мектепішілік «Тілашар» тілдік үйірме - 29, «Аралас техника» - 14 оқушы, «Тоғызқұмалақ» - 13 оқушы, «Үстел теннисі» – 7 оқушы, «Футбол» – 12 оқушы, «Волейбол» – 17 оқушы, «Жаратылыстану – математикалық» - 22 оқушы тартылды. Сонымен қатар оқушыларымыз мектептен тыс қосымша білім беру мекемелеріндегі үйірмелерге қатысады.

Жыл бойы жүргізілген барлық іс-шаралар мектебіміздің [barsakum_mektebi](#) әлеуметтік желісіне жарияланды.

2024-2025 оқу жылында ішкі есепте оқушылар болған жоқ.

	2022-2023	2023-2024	2024-2025
Мектепішілік есепке алынған оқушылар туралы мәлімет	-	-	-
Ішкі істер бөлімі есебіне алынған оқушылар	-	-	-
Жағдайсыз отбасы балалары туралы мәлімет	-	-	-
Инклюзивті білім беру бағдарламасымен оқитын оқушылар туралы мәлімет	-	-	-

4) Білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтығында сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру. 2024 – 2025 оқу жылында мектебіміздің 1 – 11 сынып оқушылары төмендегі аталған үйірмелерге қатынасады. Мектепішілік (ақылы): «Шахмат- дойбы» үйірмесі – 30 оқушы, «Үстел теннисі» – 5 оқушы, Ақысыз: Пәндік үйірмелер бойынша да мектепішілік «Жас қалам» тілдік үйірме - 15, «Жаратылыстану – математикалық» «Жас математик» - 14 оқушы , «Волейбол» - 15 оқушы тартылды. Сонымен қатар оқушыларымыз мектептен тыс қосымша білім беру мекемелеріндегі үйірмелерге қатысады.

Мектептен тыс қосымша білім беру мекемелеріндегі үйірмелерге қатысатын оқушыларымызда өздерінің айтарлықтай көрсеткіштерімен, биіктерден көрініп келеді. ҚР Оқу- ағарту Министрлігінің 30.07.2024 ж. № 194 бұйрығы негізінде 2024-2025 оқу жылына жылдық жоспар бекітілді: Ағымдағы оқу жылының бірінші тоқсанында тәрбие жұмысы жылдық жоспарға сай жүргізілді. Бұл кезеңде мектептің тәрбие жұмысына қатысты іс-шаралар мен сыныптан тыс жұмыстарға баса назар аударылды. Әлеуметтік және медиа жобалар іске асырылды. Оқушылардың белсенділігі мен қатысудеңгейін арттыру мақсатында түрлі тәрбиелік іс-шаралар ұйымдастырылды. Фильтр жүргізілді. Рейд кезекшіліктері ұйымдастырылды. Мүдделі мемлекеттік органдармен кездесулер өткізілді. 6 Құндылықты ұтымды дәріптеуде сынып жетекшілермен семинарлар, ӘБ отырысы, түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Әр айға құндылық атауы берілді. Сол құндылықты дәріптеу негізінде айлық жоспар жасалды. ***Әр айдың күнделікті, апта сайын жүргізілетін іс-шаралары***

Күнделікті «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» – үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – асық, тоғызқұмалақ, бес тас және т.б. шараларды дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері өткізіп отырды. **«Өнегелі 15 минут»** – ата-аналардың баласымен мінез- құлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі жөнінде сынып жетекшілер мен мектеп тәлімгері Зағипа Орынбаева ұйымдастырса **«Үнемді тұтыну»** – суды, тамақты, энергияны тұтыну бойынша күнделікті табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру бойынша жұмыстарды биология пәнінің мұғалімі Ж. Сыраж өткізіп келеді. Сонымен қатар жадынамалар, нұсқаулықтар мен парақшалар

әзірлеп үнемі жұмыстанды. **Мектеп тәлімгері және мен музыка пәнінің мұғалімі Орынбаева Зағипа «Күй күмбірі»** – қоңыраудың орнына күйді пайдалану, сондай-ақ үлкен үзіліс кезінде күй тыңдауды, түрлі күйлерді орындау жұмыстарын жүйеге келтірді.

<https://www.instagram.com/reel/DHaRX0PCDsC/?igsh=MXBsazJvYjYxbzZkYg==> (күй күмбірі)

<https://www.instagram.com/reel/DHaQtbj7Mu/?igsh=eXl6bmk1d2k5Y3Aw>

<https://www.instagram.com/reel/DHas0vHCXM5/?igsh=bXF4dG1oMXdxMDFq> (Ұлттық ойын ұлт қазынасы)

<https://www.instagram.com/reel/DBaicNNoYxr/?igsh=ZXdpbzdqOW4wc2xx>

<https://www.instagram.com/reel/DBgRssuABJy/?igsh=ZTdidnU3ZnM0enV2> (Менің Қазақстаным)

<https://www.instagram.com/reel/DBYtpcpgVO/?igsh=MXVpaDNiemJlZ3htZA==>

<https://www.instagram.com/reel/DBgQz6kA1AP/?igsh=MXRseDkxcmNjdGRicA==>

<https://www.instagram.com/reel/DFuql8AMANq/?igsh=c3VpNjNzejF3Njg=>

<https://www.instagram.com/reel/DFC5GW9gL2N/?igsh=MWJjdDBnazdkdDd3Mw==>

(Өнегелі 15 минут)

[https://www.instagram.com/p/DJY05nQij64/?igsh=MXN3bDNoZzBxYmtkdw==\(әкелер мектебі\)](https://www.instagram.com/p/DJY05nQij64/?igsh=MXN3bDNoZzBxYmtkdw==(әкелер мектебі))

